

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық есебі.

Білім беру мекемелерінің жылдық есебі - бұл оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстардың және қол жеткізілген нәтижелердің жүйелі түрде баяндалатын құжаты. Осы есептің кіріспе бөлімінде мектептің тәрбие жұмысының негізгі мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ оның оқу-тәрбие процесіндегі рөлі айқындалады. Мектептің тәрбие жұмысының басты мақсаты - оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру және олардың білімді, шығармашылық және адамгершілік қасиеттерін дамыту болып табылады. Бұл процесс оқушылардың өз бетінше ойлауын, сыни тұрғыдан бағалауын және қоғамдағы өз орнын табуын қамтамасыз етеді. Тәрбие жұмысының жылдық есебінде мектептің осы бағыттағы жетістіктері мен тәжірибесі, сондай-ақ болашақтағы жоспарлары туралы ақпарат беріледі.

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу; ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу; жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру; денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу; табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады. Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады. Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Жоспар бойынша төменбегі шаралар өткізілді:

Республикалық «**Мектепке жол**» акциясы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Жаңаөзен арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тамыз айында өткізілді. Акция қарсаңында қаламыздағы атаулы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мекемесіне әлеуметтік аз қамтылған, жартылай жетім және тұлдыр жетім отбасы балаларына қолдау көрсетуге хат жолданды. Нәтижесінде мектебіміздің 8 оқушысы оқу құралдармен қамтамасыз етілді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ мекемесі акция қарсаңында сөмкелер, оқу құралдармен мектебіміздің 8 оқушысын қамтамасыз етті.

Тізімі:

1. Қыркбаева Медина
2. Айдархан Сандұғаш
3. Полатбай Елсұлтан
4. Орунтурды Мөлдір
5. Сағынбаева Әдемай
6. Сүйесинова Сағынай
7. Ермұханбет Сырым
8. Таңатарова Жанарай

Сонымен қатар, қаламыздағы еріктілер тобы мектебіміздегі әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға 150 000 (жүз елу мың теңге) қаржылай көмек көрсетті. Бұл қаражат мектебіміздегі әлеуметтік жағдай төмен 3 оқушыға киімдер, оқу-құралдар, спорттық киімдер алуға жұмсалды.

Тізімі:

1. Жангабай Жанарыс
2. Ялкасбай Нұрасыл
3. Ернияз Еламан



Қоңыр күздің бірінші күні де сырғып келіп жетіп, өткен жұмада еліміздің барлық мектептерінде күміс қоңыраудың алғашқы сынғыры естілді. Білім күні мерекесі қаламыздың барлық білім ордаларында да салтанатты түрде аталып өтті. Жаздық демалыстан кейін ұстаз бен оқушыларды қауыштыратын бұл мереке қашанда жоғары деңгейде өтетіні сөзсіз. Сондай-ақ биыл мектебімізде 1 қыркүйек-Білім күніне орай **«Мектебім – мейірім мекені»** атты салтанатты жиын өтті.

Салтанатты жиында алғашқы сөз кезегін мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы былтырғы оқу жылына шолу жасап, биылғы оқу жылында енгізілген жақсы жаңалықтардан жұртшылықты хабардар етіп, жылы лебізін жеткізді. «Білім» атты үлкен «әлемге» саяхатқа енді шыққалы тұрған бірінші сыныптарға ерекше ықылас танытып, апалық ақыл-кеңесін айтты. Елбасының ерен еңбегінің арқасында өскелең ұрпақтың толымды білім мен өнегелі тәрбие алуына кең жол ашылғанын, осы артылған үмітті ақтау үшін үлкен ынтамен білім алу қажеттігін жеткізіп, баршаны атаулы күнімен құттықтады. Мерекеді мектеп оқушылары да жақсы дайындықтарын көрсетіп әсем әндерін орындады. Мектебіміздің жас мамандары да шараға ат салыса қатысып, әндерін шырқады. Қазақтың «Күмбірле» күйі де шырқалды. Биылғы бітіруші түлектеріміз де білім айнасына қадам басқалы тұрған бірінші сынып оқушыларына тілектерін айтып, сыйлықтарын ұсынды. Ата-аналарымыз да ұстаздарға тілектерін айтып жылы лебіздерін білдірді.

Әрі қарай сыныптарда «Мектебім – мейірім мекені» атты тақырыпта сынып сағаттарымен жалғасты.





Ағымдағы жылдың 05 қыркүйегінде Қазақстан халқы тілдері күніне орай мектеп педагогтерінің қатысуымен қазақ халқының біртуар перзенті, Алаш қайраткері, ақын, публицист Мағжан Бекенұлы Жұмабаевқа 130 жыл толуына орай **"Мағжан Жұмабаев - заманның заңғар тұлғасы"** тақырыбында жалпықазақстандық ашық диктант жазылды.



2023 жылдың қыркүйек айының 08 күні Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің **"Тоғыз айға – 9 іс-шара"** тұжырымдамасына сәйкес және Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен арнайы мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 06.09.2023 жылғы №730 хатына сәйкес

2023 жылдың 8 қыркүйек күні Астана уақыты бойынша 12:00 де **Республикалық ДЕНЕ СЕРГІТУ челлендж** өткізілді. Республикалық ДЕНЕ СЕРГІТУ челленджі 1-10 сыныптар арасында өткізілді.

Челлендждің мақсаты – балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Челлендждің міндеттері:

- ✓ физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету;
- ✓ оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету;
- ✓ балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал ету.

Мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы денсаулық күнімен құттықтап, челленджге қатысқан барша оқушыларымызға алғысын айтып, алдағы жарыстарда спортшыларымызға сәттілік тіледі.



Әлеуметтік бейімсіздену және қиын жағдайларда жауап беру сипаты деңгейін зерттеуге мүмкіндік беретін, білімалушылардың психикалық денсаулығының жай-күйі мен психикалық даму ерекшеліктерін диагностикалау

Қазіргі заманғы адам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының ерекшеліктері маңызды ақпарат ағынында және өмірлік жағдайлардың әр түрлі өзгерістеріне жедел түрде жауап беру қажеттілігінде көрінеді. Қазіргі кездің адамы өмірлік жағдаяттарға жылдам бейімделу және қиын оқиғалардан шығудың жаңа жолдарын іздеу қажеттілігімен бетпе-бет кездеседі. Осылайша, адам өмірінің қазіргі заманғы жағдайларының ерекшелігі және туындайтын мәселелерді шешу үшін ұрпақтардың биологиялық коды мен тәжірибесін қолдану мүмкіндігінің болмауы адамдардың психологиялық жарақатының өсуін анықтады, бұл тұлғаның эмоционалды жағдайы мен психикалық денсаулығына әсер етеді.

Дағдарыстық жағдайда болу жеке тұлғаның эмоционалды жай-күйінде, өзінің айналасындағы адамдар туралы көзқарасының мазмұнында және олармен қарым-қатынасында, өзі және әлемдегі өзінің орны туралы пікірінде әртүрлі өзгерістердің пайда болуын тудырады. Көбінесе бұндай көзқарастарды қайта қарау жеке тұлғаның құрылымын өзгертуге әкеледі, себебі олар жағымдыда, жағымсыз да сипатта болуы мүмкін. Дағдарыс жағдайындағы адам бастапқы немесе бұрынғы күйінде қала алмайды, өйткені ол таныс, дағдылы әрекеттерге сүйенеді немесе бейімделудің қарапайым үйреншікті үлгілерін қолданады, осылайша өзінің психикасын зақымдайтын тәжірибесін ой елегінен өткізе алмайды.

Осының нәтижесінде дағдарыс жағдайындағы субъектінің санасында өмірге қарсы көзқарастардың пайда болуы мүмкін. Өмірлік дағдарыстық жағдайларда балалар мен жасөспірімдер ең осал топ болып табылады, бұл олардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Жас ұрпақты тәрбиелеу және оқытумен қатар, білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту білім беру ұйымдары қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің психологиялық денсаулығын сақтауда білім беру ұйымының психологиялық қызметіне маңызды рөл беріледі. Мектептің ұжымының міндеттеріне білім алушылардың дамуындағы дағдарыс кезеңдерін психологиялық-педагогикалық қолдау, дағдарыс жағдайындағы балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету кіреді.

Әлеуметтік бейімсіздену және қиын жағдайларда жауап беру сипаты деңгейін зерттеуге мүмкіндік беретін, білімалушылардың психикалық денсаулығының жай-күйі мен психикалық даму ерекшеліктерін диагностикалау мақсатында 0-10 сыныптар арасында жеке, топтық әңгімелесу өткізілді. Әңгімелесу ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың диагноздарын ескере отырып, жеңілдетілген әртүрлі сауалдардан тұрды. Мысалы:

- Сенің достарың көп пе?
- Мектепте достарың сені ренжітеді ме?
- Кіммен бір партада отырған ұнайды?
- Кіммен әңгімелескен немесе бірге ойнаған ұнайды?
- Сенің достарыңды және өзінді сипаттап берші
- Үйде бос уақытыңда не істегенді жақсы көресің? т.с.с

Диагностикалау нәтижесінде дағдарыс жағдайындағы субъекті анықталмады. 0 және 10 сынып оқушыларының эмоционалды жай-күйі бірқалыпты.

Жыл сайын өтетін балалардың жол-көлік оқиғаларынан жарақаттануының алдын-алу, көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты дағдыларын нығайту мақсатында мектебімізде 1-8.09.2023 жылы күндер аралығында «Абайлаңыз балалар!» атты акция барысында **"Жолда жүру ережесін сақтайық!"** атты тақырыпта бастауыш және баяндауыш сыныптарда сынып сағаттары өтті. Сынып сағатына мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары А.О.Беробаева және мектеп инспекторлары М.Қосанов, Қ.Житибаевтың қатысты. Білім алушыларға мектеп жанындағы жол жолақтарынан өту

ережелерін сақтау, тыйым салынған жерлерден өтпеу, бағдаршам т.б. ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Әрі қарай жолда жүру кезіндегі жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өту шарасын ұйымдастырды. Сондай-ақ жол белгілеріне байланысты ойындар өткізді. Сынып жетекшілерде оқушыларға жол ережесіне байланысты слайдтан суреттерді көрсетіп, мәлімет беріп өтті. Оқушылар тақырыпқа байланысты тапқатарын айтып, ойларымен де бөлісті.



«Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ-сінде «2023-2024 оқу жылындағы жылдық жоспарды басшылыққа ала отырып, 2023 жылы қыркүйек айының 08 –сі күні «Толағай» атты спорттық эстафеталық жарыс ұйымдастырылды.

Дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Толағай» атты отбасылық спорттық жарысты 7-8 сынып оқушыларын ата-аналарымен жоспар бойынша өткізілді.

Отарбаевтар отбасы 7 «А» сынып

Тачмухановтар отбасы 8 «А» сынып

Джанаевтар отбасы 7 «А»

Нығымовтар 7 «А» осы аты аталған отбасылары эстафеталық жарысқа қатысты. Спорттық жарысқа көрермен оқушылар, ата-аналар, мектеп әкімшілігі қатысты. Жарыс басталмас бұрын мектебіміздің дене шынықтыру мұғалімдері эстафетаға қатысушыларды және көрермендерді қатарға тұрғызып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырғалды. Жарыс барысында әр кезеңдері толық таныстырылды. Отбасының басты қызметі баланы жан-жақты тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Дене шынықтыру мұғалімдері отбасылық эстафеталық жарысты ұйымдастыру себебі әр отбасы өзінің өсіріп отырған баласына көңіл бөлу керек екені белгілі. Келешек ұрпақ дені сау болу үшін үнемі салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізу керек екені мәлім. Сол себептен отбасы құндылықтарын үнемі насихаттау әр ұстаздың міндеті екені анық. Эстафеталық жарыс шарттары:

Кезең «Эстафеталық таяқшасын алып жүгіру» әр топ ойыншылары төршінің белгісі бойынша эстафета таяқшасын алып белгіленген жерге жүгіріп барып, кейін қайтып, екінші ойыншыға береді.

«Секіртпемен жүгіру»

«Қос аяқпен секіру»

«Жұптасқан ұстаушылар

«Кедергі алаңы»

«Арқан тарту»

Жарыс соңында әділқазы мүшелерінің қорытындысымен жарысқа қатысқан отбасыларын марапаттау кезеңі.

Бас жүлде- Тачмухановтар отбасы 8 «А» сынып

I орын Отарбаевтар отбасы 7 «А» сынып


II орын Джанаевтар 7 «А» сынып

III орын Нығымановтар 7 «А» сынып

Эстафеталық жарыс қызықты және тартымды өтілді. Ата-аналарға, оқушыларға эстафеталық жарыс қатты ұнады. Осындай жарыстар үнемі жоспар бойынша ұйымдастырылып отырылады. Болашақтың кілті өсіп келе жатқан осы жас буында. Өскелең ұрпақтың саналы және дені сау болу үшін үнемі осындай игі істерді жүргізіп отыру қажет.



Әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасы балаларының әлеуметтік жағдайы (I жарты жылдық) бойынша диаграммасы



2023жылы ай бойы жоспар бойынша **сынып бұрышын безендіру** және көгалдандыру жұмыстарын тәрбие ісінің орынбасары Бербоева Айгүл ұйымдастырылып отырды.

Сынып бұрышы тәрбие жұмысының белгілі бір бағытына сәйкес жасалды. Сынып жетекшілер стандартқа сай сыныптарын бұрыштармен сәндейді. Сондай-ақ көгалдандыру жұмыстары да шеттен қалған жоқ. Ай сайын сынып бұрыштары мен көгалдандыру жұмыстары да әдемі гүлдермен толықтыру жалғасын тапты. Ең сәнді, заманауи сынып бөлмелері мектеп әкімшілігі тарапынан мадақтамалармен марапатталды. Сынып жетекшілер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай сынып бұрыштарын орнатты. Көгалдандыру жұмыстарына да оқушылар аптаның бесінші күні ат салыса қатысып отырды.

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Жаңаөзен арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тамақтану сапасына мониторинг және асханадағы бір мезгіл **тамақтануды** ұйымдастыру жағдайына бақылау жүргізгендігі туралы мәліметі.

Комиссия мүшелері: Директордың ОЮ: Момбаева А.Т.

Директордың ТЖО: Бербоева А.О.

Ата-ана: Есенаманова Г.Б.

Әлеуметтік педагог: Иманалиева А.Т.

Педагог-психолог: Ислам М.Қ. 06 қазан күні асхана жұмысына тексеріс жүргізді.

Мақсаты: 1.Тамақтану сапасына мониторинг жасау.

2. Асханадағы бір мезгіл тамақтануды ұйымдастыру жағдайына бақылау.

Мектепте перспективалық ас мәзірі жасалып, бекітілген. Ас мәзірін дайындауда білім алушылардың жас ерекшелігі, жас ерекшелігіне байланысты тағамдардың витаминдік-минералдық кешені, тағам пропорциялары, граммы ескерілген, берілетін тамақ бекітілген ас мәзіріне сәйкес әзірленген.

Асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі, барлық санитарлық талапқа сай. Ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай-күйі қанағаттанарлық деңгейде. Ыдыстар жеткілікті, ыдыс жуатын бөлме таза, әр ыдыс орынды қойылған, ыдыстардың беті жабық тұрады. Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Көкөніске, дайын өнімдерге, шикізаттарға арналған стеллаждар жасалынған және заттар нормаға сәйкес сақталынған. Қайнаған су бар. Қол жуатын арнайы орын жабдықталған.

Жеткізілген тамақ өнімдерінің сапасы қанағаттанарлық, тоңазытқыш - технологиялық жабдықтары жарамды және ауа температурасы +4С көрсетіп тұр, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері өтпеген. Брокераждық журналдар дұрыс жүргізілуде.

Мектеп асханасында тамақ уақытылы әзірленген. Асханада дұрыс тамақтануға байланысты стендтер ілінген, асханаға кіре берісте және тамақтану орнында қол жууға арналған раковина, тері антисептигімен өңдеуге арналған дозатор бар. Тамақтану орнын жинау және дезинфекциялау үшін әр тамақтанудан кейін 40 минут уақыт бөлінген. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді.

Қазан айының 06 күнгі тексеру кезіндегі ас мәзірі: қызылша салаты 80гр/100гр, тауықтан рассольник сорпа 200гр/250 гр, 250/300гр, тефтели, бұқтырылған қырық қабат 100/200 гр, 100/230 гр, нан 150гр, алмадан компот.

Жалпы тексеру қорытындысына сәйкес тамақтандыруды ұйымдастыру жағдайы қанағаттанарлық екендігі анықталды.

2023 жылыдың қыркүйек айының 19-27 күні аралығында «Еңбек күні» атты мереке қарсаңында мектебімізде іс-шаралар апталығы өтті.

19.09.2023 жылы күні «Менің жетістігім- менің нәтижем» атты тақырыпта сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың алдына мақсат қоя білуге нәтижеге жетуге соның бәрін адал еңбекпен атқару керектігіне бағыт-бағдар беру, адал еңбекпен жетістікке жетуге жетелеу.

Сынып сағаты барысында сынып жетекшілер слайдты қолдана отырып табысты адамның қасиеттерін атады, нәтиже, жетістік сөзінің мағынасын видеоролик арқылы түсіндіріп ұғындырды.

22.09.2023 жылы күні мектебіміздің кәсіподақ төрайымы Есенаманова Гүлайым «Еңбек адамы» тақырыбында ұзақ жылдары елеулі еңбек еткен ұстаздарымыз бен кітапханашы қызметкеріміз және медбикеміздің еңбек жолындағы әңгімесімен әлеуметтік желіде видеоролик жариялады. Мектебіміздің ардагер ұстазымыз Кайрлиева Рабиға Мұратқызы, Бекишов Оразбай, кітапханашысы Кемалова Айбибі және бастауыш сынып мұғалімі Уразғалиева Тлектес, медбике Тлесова Слуша, Ботабаева Аманбике видеороликте өздерінің еңбек жолындағы қызықты оқиғаларымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/100089272898613/posts/pfbid02U85EmCJYtPhkfoAfMaupWuBnwe23wmFMmkoKXeoQgBKnlGEEKySNPU92he7EHu8sQL/?mibextid=cr9u03>

<https://www.instagram.com/reel/CxnUXKwMqhz/?igshid=MzRIODBiNWFIZA%3D%3D>

Өрі қарай дене шынықтыру пән мұғалімдері, ұстаздар арасында «Менің жетістігім- менің нәтижем» ұранымен спорттық шара өткізді. Ұстаздарымызды алдымен спорттық шараның мақсатымен таныстырып, шараны қызықты ұйымдастырды.

Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды. Тұтастай алғанда сайыс көтеріңкі көңіл күй мен достық қарым-қатынаста өтті.



27.09.2023 жылы күні мектебіміздің жас мамандарымен бірлесе отырып, қолдау көрсетіп, еңбек ардагерлеріне арнап «Ұзақпай жырау Қазжанұлы» атындағы мәдениет үйінің өнерпаз жастарымен бірге «Еңселі еңбек- ел ертеңінің кепілі» атты мерекелік шара ұйымдастырылып өткізілді. Шара барысында жас

мамандарымыз ән айтып, қызықты ойындармен жалғастырды. Әрі қарай ардагер ұстаздарымыз бен қызметкерлеріміздің еңбек жолындағы өмірінен слайдтан үзінді көрсетті. Мектеп директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы елеулі еңбек жолында жүрген қызметкерлерімізді құттықтап, ардагер ұстазымыз Кайрлиева Рабиға Мұратқызы, Бекишов Оразбай, Ботабаева Аманбике, Кемалова Айбибі, Тлесова Слушаны марапаттап, мектеп ұжымын мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.



2023 жылдың 22 қыркүйек күні «Еңбек күні» мерекесіне орай «Менің жетістігім-менің нәтижем» мұғалімдер арасында сайыс өткізілді. Мерекелік іс-шара жақсы деңгейде аталып өтті. Жарыстың өткізу мақсаты, ұжымдастар арасында достық қарым қатынасты нығайту, эстафеталық ойындары туралы мәлімет беру, насихаттау.

Еңбек күні-бұл адамдарды мансап жолында жаңа биіктерді бағындыруға, қолдауға және шабыттандыруға арналған мереке.

«Еңбек күні - нағыз еңбектің бағасын біліп, жұмыстағы жетістіктерін мақтан тұтатын мамандардың мерекесі. Мереке аясында эстафета сайысын ұйымдастыру арқылы - спорттық қозғалысқа мекеме мамандарын жұмылдыруды мақсат еттік.

Әрбір маманның адал еңбегі- жарқын болашаққа, туған елімізді дамытуға қосқан үлесі деп білеміз», деді Маңғыстау облысының білім басқармасының «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ-нің басшысы Ақсауле Жалмуханова Есбайқызы жарысқа қатысып жүлделі орындарға ие болған мұғалімдерді марапаттады.

I-орынға ие болғандар

1. Оймағамбетова Балжан
2. Қуанышбекова Маржан
3. Утепова Құндыз

II-орынға ие болғандар

1. Жауғашты Әсем
2. Амангелдиева Ботакөз
3. Сагидуллаева Өмірзия

III- орынға ие болғандар

1. Мырзабекова Багила
2. Оңғарбекова Раушан
3. Каракулова Бибігүл

2023 жылы қыркүйек айында ай бойы «Құқық бұзушылықты болдырмау үшін не істеу керек» атты тақырыпта тәрбие ісінің орынбасары Бербоева Айгүл оқушылар арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп келеді.

Мақсаты: Білім алушыларға қылмыстың -қоғамға қауіпті әрекет, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысы, қылмыстық жауапкершілік, оған қолданылатын жаза түрлері, кінәні жеңілдететін, жауапкершілікті ауырлататын жағдайлар туралы толық түсіндіру, құқықтық сауаттылығын арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеп, өз әрекеттеріне баға бере білуге баулу. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Тақырыпқа байланысты жоғары сыныптар арасында әңгіме сағаты және түсініктеме жұмыстары жүргізілді. Осы орайда тәрбиенің отбасынан басталатыны туралы, ата-ананды сыйлау, тыңдау, еш қарсыласпай, сөз қайтармау деген ұғымдар туралы айтылды. Слайдтан жаман әдеттерден аулақ болу туралы бейнефильм көрсетіліп әңгіме жүргізілді. Сондай-ақ оқушылар да тақырыпқа байланысты өз ойларымен де бөлісе отырды. Әрі қарай «Құқық бұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында пікірталаспен жалғасты.

2023 жылы қыркүйек айында жоспар бойынша сынып жетекшілер «**Менің құқықтарым мен міндеттерім**» атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Әр елдің, мемлекеттің өз азаматтарына арналған Заңы – Конституциясы бар. Бұл Заңда біздің құқықтарымыз ғана емес, міндеттеріміз де қатар жазылған. Оның дәлелі міне, сен бүгін мектепте отырсың, сен барлық адамдар сияқты оқуға, білім алуға құқығың бар. Сонымен қатар, сенің де міндетің де бар. Ол – сен орта білім алуға міндеттісің. Мына үлкен мектеп, жарық та, кең әдемі бөлме жақсы білім алып, тәртіпті, саналы азамат болып, өсуің деп сынып жетекшілер әдемі сөздермен сынып сағаттарын бастады.

Сынып сағаты барысында тақырыпқа байланысты мәлімет берілді. Не істеуге міндеттіміз? Құқығымыз туралы сұрақ-жауап жүргізілді. Осы орайда сынып жетекшілер слайдтан тақырып туралы мынадай түйінді сөздермен:

- Әркім Қазақстан Республикасының Ата заңын сақтауға;
- Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың міндеті;
- Әрбір адамның ар мен намысын құрметтеуге;
- Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;
- Тарихи мәдени мұраларды сақтауға;
- Тарихи ескерткіштерді қорғауға;
- Табиғат және табиғат байлықтарын қорғауға;
- Мектеп ғимараты мен оның аумағын үнемі тазалықта ұстауға;
- Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет танытуға;
- Ата-анаға қамқорлық көрсету туралы деген сөздермен таныстырды.

Оқушылар да тақырып туралы сұраққа жауап алып, кері байланыс жасады.

2023 жылы қыркүйек айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер «**Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы**» атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Сынып сағаттың мақсаты: Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту. Оқушының есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру. Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Сынып сағаттары уақытылы жоспар бойынша өтті. Сынып жетекшілер слайд, видеороликті қолданып оқушыларға Отанымыздың ұлттық мақтанышы мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастырды. Рәміздердің шығу тарихы мен авторларын таныстырды. Әрі қарай Отан, туған жер, рәміздерге байланысты өлең шумақтар, мақал-мәтелдермен жалғастырды. Тақырыпқа байланысты сұрақ-жауап ойыны ұйымдастырылып, оқушылар кері байланыс орнатты. Хормен «Көк тудың желбірегені» әнін орындады.

«Біз Тәуелсіздігіміздің нышандарын көздің қарашығындай сақтауымыз керек, қасиет тұтуымыз керек. Еліміздің әрбір азаматы Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ерекше құрметтеуге міндетті. Өйткені олар халқымыздың мақтанышы, біздің ең киелі құндылықтарымыз,» деп сынып сағаттарын әдемі сөздермен қорытындылап аяқтады.

2023 жылдың қыркүйек айында сабақ барысында қазақ тілі, музыка сынып сағаттарында **мемлекеттік әнұранды орындау** барысында қойылатын талаптарын үйрену жолдары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік әнұран мағынасын терең түсіне білуге, Отан сүйгіштікке, мемлекеттік әнұранды құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Сондай-ақ музыка, қазақ тілі, сынып сағаттарында мұғалімдер мемлекеттік рәміздер туралы мынадай үлгі сөздерменен бастады: Мемлекеттік рәміздер- халқымыздың рухын, ұлттық салт –санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Осы орайда қазақ тілі пән мұғалімдері сабақ барысында оқушыларға мемлекеттік әнұранның сөздерін жатқа айтып, кейін қайталау дағдыларын орындатты. Сонымен қатар музыка жетекшісі де сабақ барысында мемлекеттік әнұранымызды музыка ырғағымен оқушылардың тілдерін жаттықтырды. Сынып жетекшілер де сынып сағаттарында алдымен әнұранның өлең шумақтарын оқушыларға қайталатып, музыка бояуымен жалғастырды. Осылай мұғалімдеріміз сабақ барысында қайталап, мемлекеттік әнұранды орындау барысындағы қойылатын талаптарды үйретті.

29.09.2023 жылы күні еңбек пен мұғалімі Мерганова Гүлжан «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» атты тақырыпта мұғалімдер арасында дөңгелек үстел өткізді.

Аталған дөңгелек үстелдің мақсаты: Білім алушыларда жағымсыз әлеуметтік құбылыс ретінде, осы құбылыстың пайда болу себептерін және қоғамға келтірілген зиянды түсіну арқылы сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарасты қалыптастыру; азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру, заңның, Ар-намыс пен адалдықтың, беделдің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қажеттілігі сияқты ұғымдардың маңыздылығын сезіну.

Аталған іс-шараға мектеп оқушылары мен сынып жетекшілер қатысты. Шара барысында алдымен Мерганова Гүлжан тақырып туралы толық мағлұмат беріп өтті. Қатысушылар сыбайлас жемқорлық ұғымы, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық деңгейі, сыбайлас жемқорлықтың салдары, сыбайлас жемқорлықтың қоғам өмірінің түрлі салаларына тигізетін кері әсері туралы мәселелерді талқылады.

Талқылау барысында сынып жетекшілер сыбайлас жемқорлық демократия мен құқықтық тәртіпті әлсіретеді, бұл адам құқықтарының бұзылуына алып келеді, нарықтық тетіктерді бұрмалайды, адамдардың өмір сүру сапасын нашарлатады, ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және халықаралық қауіпсіздіктің басқа да қауіп-қатерлеріне ықпал етеді деген пікірге келді. Оқушылар да тақырып туралы өз ойларымен бөлісті.

Бұл қауіпті құбылыс барлық елдерде – үлкен және кіші, бай және кедей деген сөздермен жеткізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әрбір азаматтың парызы және әр жеке тұлға белсенді азаматтық ұстаным білдіруі қажет деп өз сөзімен аяқтады.

2023 жылдың қыркүйек айында сабақ кестесі бойынша **1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарты бардың қазынасы бар»** атты тақырыпта сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді.

Тәрбие сағаттың мақсаты: Балалардың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Тәрбие сағаттары мерекеге сай безендірілген акт залда өтті. Шараға оқушылардың ата-әжелері қонаққа келіп балаларының өнерлерін тамашалады. Оқушылар «Әжетайым», «Ата сен қартаймашы» әндерін орындап көрерменнің көңілінен шықты. Қонаққа келген әжелеріміз, аталарымыз өздерінің өмірі мен еңбек жолдары туралы кішігірім әңгімелеп өтті. Тақырыпқа байланысты тақпақтарын айтты. Әрі қарай мектеп басшысы Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы мерекемен құттықтап сөз сөйледі. «Батамен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші ата - әжелер бата, ізгі ниет – тілектерін білдірді.

05.10.2023 жылы күні аталмыш мереке 5 қазан мұғалімдер күніне орай мектебімізде Жас мамандарының ұйымдастыруымен «**Ұстаз-мектептің жүрегі**» атты мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты шараны мектеп басшысы Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы құттықтау сөзімен ашып, кәсіби мереке қарсаңында білім саласына өздерінің елеулі үлестерін қосып, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, әрі өнегелі тәлім –тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаздарға «Айрықша еңбегі үшін» мектеп директоры алғыс хаттар мен грамоталармен марапаттады. Шарамызға мектебіміздің ардагер ұстаздары да қонаққа келіп, концерттік бағдарламаны тамашалап, ұстаздар қауымына жылы лебіздерін білдіріп, тілектерін айтты.

Мектебіміздің өнерпаз жас мамандары және ұстаздар қауымы іс-шара қарсаңында әр жылдың хит әндерін орындап, өнерлерін көрсетті. Ұстаздар мерекесі жақсы деңгейде өтті. Әрі қарай концерттік бағдарламамен ұласты.





2023 жылы күні сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер «Терроризм мен діни экстремизмнің алдын-алу» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Терроризм мен діни экстремизм терминдеріне түсінік беру. Келер ұрпақ жас өренді өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу.

Сынып сағаттары сыныпта уақытылы өтті. Алдымен сынып жетекшілер оқушыларға «Менің елім-Қазақстан» әнін тыңдатып, амандасты. Слайд бойынша Қазақстан республикасына шолу жасады, әрі қарай еліміздің бай мемлекет екенін көрсетті. Тақырып туралы мәлімет беріп өтті. Терроризм, экстремизм сөздерінің мағынасын терең түсіндірді. Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер, слайд, бейнефильмдер көрсетті. Жоғары сыныптың оқушылары сынып сағатына белсене қатысып берілген сұрақтарға кері байланыс жасады. Сынып сағатын қорытындылай келе сынып жетекшілер оқушыларға дін туралы және теріс ағымдағы діндердің қауіпті екенін түсіндіріп, ондай жолдарға бармауын айтып сабақты аяқтады.

Мүгедектер күніне орай «Мейірімділік» тақырыбында қайырымдылық іс-шара өткізді.

2023 жылдың қазан айының 12 –ші жұлдызында мүгедектер күніне арнап Жаңаөзен арнайы мектебі «Мейірімділік» тақырыбында үйден оқитын ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында қайырымдылық акциясы өткізді.

Мұғалімдер бұл іс-шараға өздерінің үлестерін қосып, қайырымдылық көмек көрсетті. Қайырымдылық көмекке 41000 (қырық бір мың теңге) теңге қаражат жиналды. Бұл қаражат әлеуметтік қолдауды қажет ететін бес оқушыға бөлінді. Олар 5 арнайы сынып оқушылары Сарыев Алдияр, Орынбасар Бақыт, 8 арнайы сынып оқушысы Оңғарбай Берік, 9 арнайы сынып оқушысы Өтеш Ақбота, 10 арнайы сынып оқушысы Құлжабаева Диана.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Беробаева, әлеуметтік педагогы А.Иманалиева, музыка жетекшісі А.Серіков, мектеп мұғалімдері Б.Каракулова, Ғ.Наукебаев оқушылардың көңіл-күйлерін көтеріп, құттықтау үшін арнайы киінген аниматорлармен үйлеріне барып, сыйлықтар (оқу-құралдар, жеміс-жидектер мен тәттілер) беріп, қуантты.



Ата-аналар мен балалар ерекше қуанып, алғыстарын айтты.

«Жылуы жоқ үйден без» дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынып отырған «Animator_prokat_ozen» иесі Сейдова Гүлзира ханымға, «Bravo_zhanaozen шар» ұжымына ерекше алғысымызды білереміз.

10 қазан – Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай педагогикалық ұжымға психологиялық тренинг өткізді.

Мақсаты: Дүниежүзілік психологиялық денсаулық күніне орай педагогтардың психикалық денсаулығын нығайту және қолдау. Психологиялық әдістерді пайдалана отырып, педагогтарды күйзелістен арылу дағдысын қалыптастыру. Теориялық аспектілерге тоқталу және стрестен арылудың жаттығуларын ұсыну.

Тренингке барлығы 18 педагог қатысты. Тренинг барысында мектебіміздің медбикесі Абдулаева А. «Психологиялық денсаулық-денсаулық кепілі» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада стресс, стресс белгілері, қарсы тұру факторлары т.б. туралы түсінік берілді.

Сонымен қатар З.Королеваның «Сіздің суицидтік бейімділіктеріңіз» тесті, визуалдық

тест, «Мұқият бол!», «Ритм», «Бау мен жіп» тренингтері жүргізілді.

Тренинг соңында педагогтар алған әсерлерімен бөлісті.

13.10.2023 жылы күні мектебіміздің тәлімгері Туякбаева Жадрасын және сынып жетекшілер **«Берекелі отбасы»** тақырыбында ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында бейнеролик көрсетті.

Мақсаты: Ата—ана мен бала арасындағы ізгі қарым—қатынастың орнауына ықпал ету. Отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету. Баланың бас ұстазы ата — ана екенін түсіндіру.

Шара барысы бір-бірімен заманауи амандасу әдісімен басталды. Ұйымдастырушы тақырып туралы баяндама оқыды. Әрі қарай өз сөзімен әңгіме жүргізді. Қазақ қоғамында отбасы- өмірдің тұтқасы, үй ішінің қызыққа, қуанышқа толуы отбасының берекесіне байланысты. Әр отбасы- өзінің балаларына жауапты болуы, дұрыс тәрбие беруі және амандығы үшін күресуі керек екендігі туралы айтты. Қазіргі қоғамда ата-ана баласынан не күтеді? Ата —ананың бақыты неде? Баласы ата-анасын қалай бақытты етпек? Міне осы тұрғыда «Берекелі отбасы» тақырыбында бейнеролик көрсетуін ұсынды. Ата-аналар арасында да бейнероликке байланысты пікірталас өтіп, сыныптардың дайындаған бейнероликтері көрсетілді. Берекелі отбасы туралы ойларымен бөлісе отырып, бейнероликтің көңілдерінен шыққанын айтып, жылы лебіздерін білдірді.

Шара соңында тәлімгер әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, қуаныш, бақыт және де балаларыңыз аман болсын деп тілегін білдірді.



17.10.2023 жылы күні мектебіміздің медбикелері оқушыларға **Зиянды әдеттердің алдын-алу және жеңу бойынша әңгіме сағатын** жүргізді.

Әңгіме сағатының барысында оқушыларға медбикелер өздерінің дайындаған баяндамасын оқып, ситуациялық сұрақтар қойып, бейнеролик көрсетіп әрі қарай ойындармен жалғастырды. Тақырыпқа байланысты слайд, жарға плакаттар ілінді. Зиянды әдеттердің алдын-алу және жеңу бойынша сұрақтар қойылып, оқушылар кері байланыс жасап өз ойларын айтты. Зиянды әдеттердің бейнеролигін көрсетті. Әрі қарай бейнероликтегі жағдаяттар туралы әгіме жүргізді. Тақырып туралы көптеген деректер айтылды. Оқушыларға бүгінгі өткен әңгіме сағаты түсінікті болды. Әңгіменің соңында медбике Тлесова Слуша қызықты ойындармен зиянды әдеттердің алдын-алу және жеңу бойынша тақырыпты қорытындылады.

Қазіргі біздің қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлықты жүгендеуге қоғам болып ат салысуымыз қажет. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда көптеген әр түрлі шаралар ұйымдастырылып жүзеге асырылып жатыр. Елімізде сыбайластық жемқорлыққа қарсы күресу, алдын алу шаралары заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысты жоспарлы түрде қажеттілігіне көз жеткізілді. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді.

Оқу жылының басында **«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу»** жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспар бойынша әртүрлі іс-шаралар мектеп оқушыларымен және ұстаздарымен атқарылды. Мектебімізде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды» насихаттайтын, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал мектеп» ерікті мектеп клубы құрылған. Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаруда. «Адал мектеп» клубы мектепшілік бұйрықпен құрылып, топ мүшелері тағайындалды. Мектепте құқық бұзушылықты болдырмау, қылмыстың алдын алу мақсатында **«Сыбайлас жемқорлықтың – зардабы»** тақырыбында 7-9 сынып оқушылары арасында бейнеролик көрсетілді.

Қатысқан оқушылар тізімі:

1. Джаумитбаев Ықлас
2. Сүйіндік Аслан
3. Жұмантұрлы Абылай
4. Әміржан Ерасыл
5. Дәулет Мейрамбек

6. Биманов Ақылбек
7. Нурдовлетов Дидарбек
8. Полатбай Елсұлтан
9. Ялқасбай Нұрасыл
10. Қадырбай Перизат
11. Қожағали Тілеген
12. Әбіжанқызы Нұршат
13. Ермухамбетов Сырым
14. Сүндетбай Мейірбан

«Адал мектеп» ерікті мектеп клубының мүшелері Қожабергенова Нұргүл, Жайлыханов Ермек оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында клуб мүшелерінің ұйытқы болуымен «Сыбайлас жемқорлықтың – зардабы» туралы құнды ақпараттар жинақталды. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғады.



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаевтың тапсырмасын орындау мақсатында білім беру ұйымдарында өткізілетін «**Тоғыз айға 9 іс-шара**» тұжырымдамасы негізінде 2023 жылы қазан айының 23-жұлдызында «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ-де ерекше білімді қажет ететін оқушылар арасында «**Қазақстан-Республикам менің!**» атты тақырыпта **әнұран орындау челленджі** ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты: Жас ұрпақтың бойына патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыру болып табылады.

Республикалық челлендж өткізудегі өз мақсатымызға жеттік, себебі, еліміздің Әнұранын Отанымыздың түпкір-түпкіріндегі барша білім беру ұйымдарында жалғасын тауып, үлкен қолдауға ие болды. “25 қазан - ҚР Республика күні” болып белгіленген мемлекеттік мерекені жоғары деңгейде атап өту ғана емес, оның мән-мағынасын, мазмұнын айрықша сезіне білетін ұрпақ тәрбиелеу әрбір қоғам мүшесінің жауапты міндеті екенін даусыз.



25 қазан – Республика күні ұлттық мереке қарсаңында мектебімізде қазанның 23 күні мерекелік іс-шара өтті.

Мерекелік шара барысы Қазақстан республикасының мемлекеттік Әнұранымен басталды. Мектебіміздің директорының уақытша міндетін атқарушы Момбаева Айгүл Төлепбайқызы ұжымды мерекемен арнайы құттықтап, жылы лебізін білдіріп, сөз сөйледі. Мерекеге байланысты слайдтан бейнефильм көрсетілді. Қазақстанның барлық қалаларына шолу жасалды. Әрі қарай жас мамандарымыз мерекеге байланысты қойылым қойып, концерттік бағдарламамен жалғастырды. Мектебіміздің жас маманы Қуанышбекова Маржан сүгірдің термесін орындады. Оқушылар да ат салыса қатысып патриоттық әндерін орындады. шара соңында «Менің Қазақстаным» әнімен аяқтады.

2023 жылдың қазан айының 29 –шы жұлдызында «Қамқоршылар күніне» орай қайырымдылық акциясын өткізді.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» - деген екен дана халық. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» - деген халқымыздың игі дәстүрін жалғастыра отырып, мектебіміздің ұстаздары 29-шы қазан —«Қамқоршылар күніне» орай өткізілген акцияға өздерінің үлестерін қосып, қайырымдылық көмек көрсетті. Акцияның мақсаты: жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету.

Қайырымдылық көмекке 36000 (отыз алты мың теңге) теңге қаражат жиналды. Бұл қаражат мектебіміздегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 2 оқушыға бөлінді. Олар 9 арнайы сынып оқушысы Абдимұратова Назерке мен 2 арнайы сынып оқушысы Базарбаева Аружан.

Мектептің әлеуметтік педагогы А.Иманалиева мен сынып жетекшілері Г.Мерганова мектепке қажетті киім-кешек (ұзын жең ақ жейде, юбка, іш-киімдерін) сатып алып берді. Сонымен қатар 2 сынып жетекшісі Г.Адайханова танымдық-дамытушылық құралдар алды. Бұл көрнекіліктер оқушымен қатар сыныптағы барлық оқушыларға пайдалануға берілді.

Оқушылардың қамқоршылары алғыстары мен ризашылықтарын айтты.

Балаларды отбасы мен қоғамның құндылықтарына тәрбиелеу

Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы - бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы - ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Әрбір ата-ана баласын ар-намысты болуға, адамгершілікке, мейірбандыққа, тектілікке, кісілікке, атамекенін сүйуге, Отанын қорғауға дайын тұруға баулыған. Ұлттық құндылықтардың негізгі саласының бірі салт-дәстүрдің шығу тарихын, қолдану зерттей келе, оның қыз бала тәрбиесінің өзекті арқауы екеніне көз жеткіземіз. Оның тәрбие беру мазмұны мынаған саяды:

- Әдеп, отбасы, қоғамдағы қарым- қатынас ұғымдарын қалыптастыру;
- Имандылық салтын қалыптастыру, өмірді бағалау, оның жасампаздық жағдайына бейімделу;
- Адамгершілік, еңбекқор, кішіпейілділік сияқты адами қасиеттерге баулу;
- Болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсіну;
- Ұлттық болмыс- ұғымдарды жете білуге баулу.

Отбасындағы тәрбие мазмұны, мақсаты, басты құндылықтарын анықтау негізінде ата-аналардан онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама мазмұны 5 сұрақтан тұрды:

1. Балаларыңыздың тәрбиесінде ең маңызды мәселе не деп ойлайсыз?
2. Қазіргі қоғамда жүріп жатқан нарық экономикасы жағдайында сіздер

отбасында өз балаңызды қандай құндылықтарға бағыттайсыз? /материалдық игіліктер, рухани игіліктер, адамгершілік құндылықтар, мамандықты меңгеру мәселесі т.т.

3. Тәрбие, оның ішінде адамгершілік тәрбиесіне байланысты сіздердің, мектеп ұжымымен, оның ішінде пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен қарым-қатынас байланысыңыз бар ма? Ол қандай?

4. Сіз өз балаңыздың болашағының қандай болуын армандайсыз?

5. Мектеп қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларын қандай құндылықтарға бағдарлау керек және соған байланысты қандай тәрбие жұмысын жүргізу керек деп есептейсіз?

Сауалнама нәтижесінде отбасылардың басым бөлігі адамгершілік, рухани құндылықты жоғары орынға қойып, бала тәрбиелеуде ұлттық салт-дәстүрімізді басты назарда ұстайтындары анықталды.

Бұқаралық спортты дамыту жолында Маңғыстау облысының білім басқармасының «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ мұғалімдер арасындағы **үстел теннисінен** мектепшілік сайыс өткізілді.

2023 жылдың қараша айының 10 күні Жаңаөзен арнайы мектебінде өткізілген үстел теннисінен жарыс өте жоғары деңгейде өтті.

Спорттық жарыстың ашылу салтанатына мектебіміздің директордың тәрбие жөніндегі орынбасы Бербоева Айгүл спорт сүйер ұстаздарымызға сәттілік тіледі.

Бұл сынға асқақ абыройдың биік шыңынан көрінуді мақсат етіп үстел теннисі бойынша 30-ға жуық мұғалімдер қатысты. Жарыстың төрешілері де әділ бағаларын берумен қатар кәсіби шеберліктерімен қатысушылар көңілінен шыға білді.

Сайыстың қорытындысы төмендегідей:

Үстел теннисі бойынша:

1 орын - Қарқулова Бибігүл

2 орын - Хусайнова Гулзия

3 орын - Манашова Гүлмира

«Үздік ойыншы» номинациясының иегерлері: Ахметова Гүлдана

Бұл командаларға жүзден жүйріктер жиналып, өте жоғары дайындықпен келген. Қорытынды мапаратты қатысушыларға Диплом, Алғыс, арнайы номинациялар, кубок, медальдар, естелік сыйлықтар табыс етілді.



2023 жылы күні қараша айында 15 қараша –Ұлттық валюта күніне орай жоспар бойынша сынып жетекшілер **«Ұлттық валюта-теңге»** атты тақырыпта тәрбие сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Төл теңгенің тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. Оқушылардың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол ижеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту.

Тәрбие сағаттары акт залда уақытымен өткізілді. Сынып жетекшілер оқушыларға слайдтан ұлттық валюта теңгенің шығу тарихымен таныстырып өтті. Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта екені айтылды. Тақырыпқа байланысты сұрақ-жауап және мақалды жалғастыр, теңге ілу ойыны ұйымдастырылды. Әрі қарай жоғары сыныптың оқушылары «Менің елім», «Рахмет саған туған ел» әнін орындап, «Алтын теңге» өлеңін мәнерлеп оқыды.

Ұлттық теңгемізді –ұлттық құндылық ретінде бағалап, егемендігіміздің айрықша белгісі ретінде – мақтаныш сезімімізді жүрегімізге ұялата –білуіміз үшін парыз,- деп тәрбие сағаттарын аяқтады.

2023 жылдың қараша айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер **«Отбасы –адам тұлғасының белгісі»** атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді, отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, өз ойларын жүйелі түрде жеткізе білуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сынып сағаты барысы әдемі өлең шумақтары бойынша шаттық шеңберімен басталды. Слайдтан отбасы туралы әңгіме жүргізді. Тақырып бойынша бейнеролик көрсетілді. Оқушылар бейнероликтен көрген әсерлерімен бөлісті. Ата-әже, әке-ана, аға-іні, апа-сіңлі туралы тақпақтарын айтты. Сынып жетекшілер қызықты ойын ұйымдастырды. Ойын барысында оқушылар отбасындағы қызықты сәттермен бөлісті. Ой толғаныс кезеңінде оқушылар кез-келген адам үшін отбасының не екенін өз бетінше қорытындылады. Сабақ соңында отбасы туралы суретті бояды.

2023 жылы қараша айының 14 жұлдызында мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың ұйымдастыру негізінде «Қатыгездік пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында әңгіме сағаты өткізілді. Әңгіме сағат барысында оқушыларға презентация арқылы оқушыларға, қатыгездік, тұрмыстық зорлық-зомбылық және оқушылар арасындағы буллинг туралы ақпарат беріліп, алдын-алу шаралары бойынша видео ролик көрсетілді. Сонымен қатар сенім телефондары туралы жадынама берілді.



Маңғыстау облысының білім басқармасының «Жанаөзен арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жылдық күнтізбелік жоспарына сәйкес **«Тоғыз айға 9 іс-шара»** жобасы аясында 2023 жылдың қараша айының 15 күні ұлттық ойын насихатталатын Республика бойынша өткізілген челлендж аясында **"Асық ату"** ойындарын ойнап, өзара бәсекеге түсті.

Мақсаты: Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

Ұлттық ойындар - тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Осыған орай, мектебіздің бейімделген дене шынықтыру пәні мұғалімі жетекшісі Наукебаев Ғабиттың ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Асық ату» челленджі жоғары деңгейде өтті. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаз оқушылар марапатталды.

16.11.2023 жылы күні мектебімізде оқушылар арасында **«Күзгі балл-2023»** атты байқау өтті. Іс-шара мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін ескере отырып, өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастырып, әсемдікке, сұлулыққа баулу, шығармашылық қабілеттері мен ой ұшқырлығын дамыту, оқушылардың қоғамдық өмірге, мәдени – көпшілік шараларға белсенді қатысуына ықпал ету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Іс-шара акт залда көрермендердің қатысуымен өтті. Сайысқа түскен жұптар көрермендерді әр кезеңге өз ерекшеліктерімен дайындалып, креативті шоуларымен таң қалдырды.

Сайыс мына төменде көрсетілгендей шарттар бойынша ұйымдастырылды:

1.Өзін-өзі таныстыру.

Бұл кезеңде қатысушы жұптар өздерін түрлі әдістермен таныстырды.

2.Өнерін өрге жүзсін. Бұл кезеңде қатысушы жұптар өздерінің қабілеттерін жан- жақты көрсетті. (Өн, би т.с.с.)

3.Сән үлгісі. Қатысушы жұптар өзіндік қиялдарымен ерекше киім үлгілерін көрермен назарына ұсынды.

4.Көрме. бұл кезеңде сайыскерлер күз мезгіліне дайындаған қол өнер бұйымдарын көрсетіп, таныстырып өтті.

Сайыс соңында қазылар алқасы өнер көрсеткен қатысушы жұптарға өз бағаларын беріп, жеңімпаздарға жүлделі орындар мен түрлі номинация бойынша мақтау қағаздарын табыс етті.

Күзгі балдың қорытындысы:

Бас жүлде-5А сынып оқушылары Омар Оразали-Жомарт Фариза

I орын-8А сынып оқушылары Полатбай Елсұлтан-Қадырбай Перизат

II орын-9Ә сынып оқушылары Сүндетбай Мейірбан-Сағынбаева Әдемай

III орын-7А сынып оқушылары Сүйіндік Аслан-Самбайқызы Бағлан

III орын-10А сынып оқушылары Жүсіпбай Мейрамбек-Мантакова Дана

Ынталандыру-6А сынып оқушылары Халмурат Бекзат –Ақтулен Нурайна

Ынталандыру-9А сынып оқушылары Байхан Раян-Танатарова Жанарай



2023 жылдың қараша айында халықаралық темекіден бас тарту күніне орай сынып жетекшілер «Темекі және оның зияны» атты тақырыпта тәрбие сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сақтауға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беріп, ойларын ашық айтуға үйрету, шығармашылық белсенділіктерін дамыту.

Тәрбие сабақта адам баласына өте қауіп төндіретін зиянды зат - темекі туралы тақырып қозғалды. Сонымен адам өмірге темекі тартушы болып келмейді екен, өсе келе жаман әдетке үйір болудан, өз ісіне мән бермеуден, темекі дәмін татып көріп, қалай темекіге тәуелді болғанын байқамай қалып, денсаулығынан айрылып қалған адамдардың бейнеролигін көрсетіп, тақырыпты әрі қарай толық түсіндіріп өтті. Сонымен қатар сынып жетекшілер күн тәртібін ұстау, жеке бас гигиенасын сақтау, спортпен шұғылдану сияқты әрекеттерді айтты. Сұрақ-жауап арқылы оқушылар кері байланыс жасады. Өз денсаулықтарымызды күту үшін зиянды нәрседен аулақ болуымыз керек және темекіге үздіксіз күрес жасауымыз қажет деп тәрбие сағатын аяқтады.

Тренинг тақырыбы: 17.11.2023ж. ата-аналар арасында «Ерекше оқытуды қажет ететін балаларды тұлға ретінде қалыптастырудағы ойын түрлерінің маңыздылығы» атты тренинг өткізілді.

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау,өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу.Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.Ерекше оқытуды қажет ететін балаларды тұлға ретінде қалыптастырудағы ойын түрлері,дидактикалық ойындар туралы айту.

Қатысқандар:бастауыш сынып мұғалімдері,тәлімгер,әлеуметтік педагог,пән мұғалімдері,ата-аналар.

Тренинг барысында: Мұғалім отбасы,отбасындағы бала тәрбиесі туралы айтты,өзін таныстырды.Ұйымдастыру кезеңі бойынша қатысушыларды топтарға бөлді,топ мүшелері:

1-топ «Жұдырық түйістіру» арқылы,есімін айтып амандасты .

2-топ «Қол алысу» арқылы,есімін айтып амандасты .

3-топ «Құшақ жая,құшақтасу»арқылы,есімін айтып амандасты.

4-топ «Қолмен-қолды соғу» арқылы,есімін айтып амандасты.

«Қызықты сұрақтар» ойыны барысында допты лақтыру арқылы қатысушыларға сұрақтар қойылды.

«Бақыт деген не өзі» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді.

Тақырып бойынша ерекше оқытуды қажет ететін балаларды тұлға ретінде қалыптастырудағы ойын түрлерінің маңыздылығы туралы түсінік берілді.

«Балама қандай жылулық беремін?» Күннің суреті салынған параққа

ата-аналар балаларына күн сияқты қандай жылулық беріп жатқандарын жазды.

Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізілді.) «Гүлдің оянуы» Ата- аналар балаларына арнап әдемі ашықхат дайындады,гүлдің суретін бояп, ішіне баласына деген сүйіспеншіліктерін,тілектерін жазды.

«Жүрек жылуы» Қатысушыларға кішкене жүрекшелер таратылды.Тренингке қатысушылар «Менің сен сияқты керемет анаға тілейтінім!». деген ойды жалғастырып,бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдірді.

Қорытынды Бала – ата - ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған ата - аналарымыз аман - есен жүрсін деген тілекпен тренинг аяқталды.

17.11.2023ж күні Жаңаөзен қаласының 55 жылдығына орай "Кендірлі ауылдық мәдениет үйі" мекемесінің ұйымдастыруымен **"Жаңаөзен аруы-2023"** байқауы өтті.

Аталған байқауда мектебіміздің логопед маманы Қуанышбекова Маржан Асқарқызы бақ сынады. Байқау барысында Маржан Асқарқызы өнерімен, тапқырлығы және біліктілігімен, сұлулығымен көзге түсіп "Көрермен көзайымы" номинациясына ие болды. Құттықтаймыз!!!



2023 жылдың қараша айында сынып жетекшілер сабақ кестесі бойынша **«Өрт қауіпсіздігі»** тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Өрттен сақтану, өртті болдырмау жөнінде түсініктер беру. Ойын арқылы өрттен сақтану туралы дағды қалыптастыру. Жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелеу.

Сынып сағатында тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелері тақырыбы бойынша оқушылар оттың адам өміріндегі оң және теріс рөлімен, өрттің пайда болу себептерімен және оны болдырмау үшін сақтық шараларымен танысты. «Өрттің қауіпсіздігі» атты бейнефильм көрсетілді. Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер айтылды. Бастауыш сыныптарда «Кім жылдам» ойыны ұйымдастырылды. Оқушылар ойынға белсене қатысты.

Балалар, өрт шыққан кезде алдымен не істеуіміз керек? деген сұрақ-жауап арқылы өз ойларын айтып кері байланыс жасады. Сынып сағаты аяғында сынып жетекшілер тақырыпты қорытындылап аяқтады.

Қазіргі кезде діни экстремизм мен терроризм сөздерін естімеген адам аз шығар. Баспа немесе ғаламтор беттерінен Қазақстандағы діни ахуал, соның ішінде діни экстремизм мен терроризм тақырыптарына қатысты мәліметтер жетерлік. Бұл аталған мәселенің ғаламдық деңгейде орын алып отырғандығының белгісі. Сол себепті мұндай мәселені шешу ұлттың келбетін сақтаудың кепілі болмақ.

Аталмыш мәселенің алдын алу кезек күттірмейтін шара. Оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей отырып, діни көзқарасын «экстремизм», «терроризм» ұғымдарын қалыптастыру мақсатында мектепте діни экстремизмнің алдын алуына бағытталған іс-шара жоспары құрылып, бекітілген.

Жоспарға сай қараша айының 22 жұлдызында психологтың ұйымдастыруымен оқушыларға «Хиджаб, паранжа, қысқа балақты шалбар кию, сақал қою» мәселелері және мектептегі талапқа сай киім кию үлгісі түсіндірілді.



27.11.2023 жылы күні мектебіміздің тәлімгері Туякбаева Жадырасын 5-10 сынып оқушылары арасында «Біз сыбайлас жемқорлықсыз әлем үшін» атты тақырыпта сурет байқауын өткізді. Мақсаты: Өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту және сыбайлас жемқорлық фактілеріне теріс көзқарасқа, жемқорлыққа қарсы қоғамдық пікірді қалыптастыру.

Шара барысында бейнелеу пән мұғалімі оқушыларға тақырып туралы әңгіме жүргізді. Білім алушылар жемқорлық індет екенін, еліміздің ұлттық мүддесіне қауіп төндіретінін сурет арқылы көрсетті және өз ойларын айтты. Оқушылардың бояған суреттері жарға ілінді. Бейнелеу пән мұғалімі байқауға белсене қатысып, әдемі суретті салып бояған оқушыны марапаттады.





Ағымдағы жылдың 28 қарашасы күні Ақтау қаласы, 17 шағын аудандағы “Халық Арена” спорт кешенінде 3-ші желтоқсан - “Халықаралық мүгедектер күні” және “Ақтау қаласына 60 жыл” мерейтойына байланысты **“Балалар болсын бақытты”** атты облысымыздың ерекше балаларының бейімдік спорт фестивалі өткізілді.

Фестивальдың қонақтарымен (Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Н. Сали, Маңғыстау облысының білім басқармасының басшысы Д. Жұмашева, Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының уақытша міндетін атқарушы Р. Түгелбаева, “Маңғыстау облыстық мүгедектік спорт клубы” КММ-нің директоры М. Бейсенбаев, “Маңғыстау облыстық мүгедектердің дене шынықтыру және спорт федерациясы” ҚБ-нің директоры Н. Кулушов, “Кеме жабдықтары және қызмет көрсету” ЖШС директоры Д. Донских, Маңғыстау облысының Бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі Т. Болатбаева) ашылу салтанатына арнайы келген Ақтау қаласының әкімі Ұ. Тналиев ерекше спортшыларға өте жақсы тілектер айтып, оларға сәттілік тіледі.

Фестивальға қатысушы ерекше балалар бочадан, голболдан, үстел теннисінен және шағын футболдан өнер көрсетті. Жаңаөзен арнайы мектебі оқушылары шағын футболдан жарысқа қатысқан

- 1.Жұмабай Ислам
- 2.Ялкабай Нұрасыл
- 3.Нұрдаuletов Дидарбек
- 4.Полатбай Елсұлтан
- 5.Жусипбай Мейрамбек
- 6.Жұмантұрлы Абылай

оқушыларымыз қатысып жүлделі ІІІ орынға қол жеткізді.

Жаттықтырушысы: Ізімбергенов Нұрсерік, Наукебаев Ғабит

Ерекше балаларымызға ерекше көңіл-күй сыйлаған “Ақтау қалалық әуесқой футбол федерациясы” президенті Е. Сеитбаттал мырзаға, мың алғыс!

Фестиваль соңында барлық қатысушыларға дипломдар және сыйлықтар, ал фестивальға дайындаған жаттықтырушыларға ұйымдастырушылар тарапынан Алғыс хаттар табысталды. Осындай мерекелер жалғасын таба берсін!

@aktauff @erkebulan.seitbattal_5



30.11.2023 жылы күні мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Мурзабаева Багила және дефектолог маманы Жауғашты Әсем өскелең ұрпақтың арасында жалпыға бірдей еңбек, адалдық және сатылмаушылық идеяларын мінез-құлық нормасын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралардың қабылдануы мен нығайтылуына ықпал ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқушылардың санасын қалыптастыру және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жүзеге асырылуына оқушыларды тарту мақсатында 1-10 сыныптар арасында **«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі»** атты тақырыпта сурет байқауын өткізді.

Сурет байқауы акт залда көрерменнің қатысуымен өтті. Шараны ұйымдастырған мұғалімдер тақырып туралы әңгіме жүргізді. Оқушылардың суреттері жарға ілінді. Білім алушылар салған суреттері бойынша ойларын айтты. Байқауға белсене қатысқан оқушыларды арнайы грамоталармен марапаттады.



«Ата – сая болар бағың болса, әке – асқар тауың» дейді қазақта, сол себепті отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге, мектеп пен отбасының өзара байланысын нығайтуға, сондай-ақ отбасындағы әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал ету мақсатында мектебімізде «Аталар, әкелер, ағалар мектебі» жобасы өз жұмысын жүргізе бастады. Осы орайда бүгін 24 - қарашада «Отбасындағы әке тәрбиесі» тақырыбында әкелермен кездесу өткізді.

Шараның мақсаты: мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту, бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру, әкелермен пікір алмасу, бала тәрбиесіне деген көзқарастарын білу;

Кездесу кешіміздің мақсат-міндетімен таныстыру үшін алғашқы сөз мектебіміздің «Аталар, әкелер, ағалар» мектебінің төрайымы Манашова Гүлмира апайымызға беріліп, кешімізді ашып берді. Сөз барысында отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелерді бала тәрбиесіне атсалысуға шақыру және жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы ата-ананың белсенділігін арттыру мен мектептің ұл балаларын еңбекке тартуға бағытталғандығы туралы айтып өтті. Алдағы уақытта әкелермен түрлі шаралар өтетіндігін атап кетті.

Кеш барысында әке туралы ән шырқалып, видеоролик көрсетілді, ойындар ойнатылды, әкелермен сұрақ-жауап алмасып, пікірлері тыңдалды. Сонымен қатар әкелерге пайдалы кеңестер берілді.

Кеш соңында мектебіміздің директоры Жалмуханова А.Е. сөз сөйлеп, әкелерге жылы лебіздерін білдіре отырып, белсенділік танытқан әкелерді марапаттады.





1 желтоқсан - Бүкіләлемдік СПИД-ке қарсы күрес күні. Осы орайда "Жаңаөзен арнайы мектебі" КММ-де сыныптар арасында "Біз СПИД-ке қарсымыз" тақырыбында қабырға газетін шығару челленджі ұйымдастырылды. Оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: темекі, арақ, есірткі, СПИД - тің қазіргі тандағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан - жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана - сезімдерін дамыта түсу.



07.12.2023 жылы күні қазақ елінің туын тік көтеріп, мемлекет ретінде іргесін бекітуге аянбай атсалысқан ұлы тұлғалардың бірі, өзінің бүкіл өмірін XVII-XVIII ғасырларда дала өркениетінің терең мақсаттарына арнаған қазақ хандығының көрнекті мемлекет қайраткері, **Төле бидің 360-жылдығына орай** мектебіміздің қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімдері танымдық кеш өткізді.

Іс-шараның мақсаты: Ұлы шешеннің тұлғасымен, оның қазақ халқының тарихындағы рөлімен таныстыру, аңызға айналған бидің даналығы мен адамгершілік ережелері туралы әңгімелеу, ұлы ата-бабаларымыздың мысалында патриоттық жастарды тәрбиелеу.

Танымдық кеш мерекеге сай безендірілген, акт залда өтті. Қазақ тілі пән мұғалімдері шараны өлең шумақтармен ашты. Сонымен қатар бейнероликтен Төле бидің өмірі мен қоғам қайраткері ретіндегі еңбегі, шешендік сөздерінен үзінді сюжет көрсетті. Оқушылар тарихқа терең бойлай отырып, дана бидің өмірі мен көрегендікпен айтқан өсиеттеріне қанық болды. Мектебіміздің музыка жетекшісі Сериков Арсен «Мен қазақтың баласы», «Сәйгүлік» және т.б сияқты халық әндерін орындады. Жас мамандарымыз Төле би Өлібекұлынан қалған шешендік сөздер топтамасынан көрініс қойды. Шара соңында Қанатова Алмагүл танымдық кешті қорытындылап аяқтады.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Осы орайда «Жанаөзен арнайы мектебі» КММ-де желтоқсанның 6-шы жұлдызында сыбайлас жемқорлықпен күрестің халықаралық күніне орай **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»** тақырыбында тәрбие ісінің орынбасары Беробаева Айгүл Ордалықызының ұйымдастыруымен, кәсіподақ төрайымы Есенаманова Гулайм Бақытжанқызы мұғалімдер арасында дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстел барысында бейнеролик көрсетіліп, тақырып бойынша мұғалімдер арасында пікірталас, жағдаяттарды шешу, талдау жұмыстары жүргізілді. Әрі қарай тарих пәнінің мұғалімі Хусаинова Гүлзия «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында баяндама жасап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, оған қарсы іс-қимыл жасауға және оған қарсы күрестің негізгі тұстарын атап өтіп, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдескен адамдарды көтермелеу ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар мектебіміздің инспекторы Қосанов Мырза сыбайлас жемқорлықпен күресу және алдын алу бойынша түсініктеме жұмыстарын түсіндіріп өтті.

Қорытындылай келе, дөңгелек үстелге қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбының өзектілігін, тәжірибе алмасу қажеттілігін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі элементі ретінде халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды атап өтті.




07.12.2023ж. күні "Балалар-интернет-медиа қауіпсіздік" бағдарламасын орындау аясында **"Интернетті пайдаланудағы балалар қауіпсіздігінің негізгі қатерлері"** атты медиа қауіпсіздік сағаты өткізіліп, оның барысында балалар интернетті пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен танысты.



5-9.12.2023ж. Мәскеу қаласында өткен мүмкіндігі шектеулі жандар арасында ат спорты бойынша Данте Хопери атындағы Ашық кубокка қатысқан мектебіміздің үйден оқитын 8А сынып оқушысы **Нұрғалиев Ақылбек В** трейлінде Алтын медаль жеңіп алды.

Мектеп директоры Жалмуханова А.Е. спортшының параспортты дамытуға қосқан маңызды үлесін жоғары бағалап, олардың қайсарлықтың нағыз үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті. Мектеп директоры Жалмуханова А.Е. ата-анасына баласының жеткен жетістіктері, ата-ананың қосқан үлесі үшін, өзінің құттықтауымен жылы лебізін білдіре отырып, мектеп әкімшілігі атынан ата-ананы Алғыс хатпен марапаттады.



13.12.2023 жылы күні мектебіміздің бейнелеу пән мұғалімі және сынып жетекшілер оқушылар арасында «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында сурет байқауын өткізді. Байқаудың мақсаты: Оқушылардың отбасындағы тәрбие туралы білімдерін кеңейту және ата-анасын, бауырларын құрметтеуге тәрбиелеу. Сурет өнеріне қызығушылығын арттыру.

Сурет байқауына әр сыныптан үш оқушыдан қатысты. Бейнелеу пән мұғалімі алдымен оқушыларға тақырыпты түсіндіріп, отбасы туралы шағын әңгіме жүргізді. Білім алушылар өздерін, ата-аналарын, әпкелері мен ағаларын, сондай-ақ ата-әжелерін бейнеледі. Сурет салу барысында оқушылар қарындаштарды, акварель бояуларын және киізден жасалған қаламдарды қолданды. Суреттер жарқын, бай, ең бастысы – ата-аналарына, жақындарына деген сүйіспеншілікке толы болды. Бейнелеу пән мұғалімі өте әдемі, ұқыпты, тиянақты салған оқушыларды арнайы орындармен марапаттады. Іс – шара барысында балалар әркім үшін басты құндылық – ол отбасы екенін түсінді.



«Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ-де Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасын орындау мақсатында «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» тұжырымдамасы негізінде 13.12 күні «Шығарма жазу: Болашаққа хат» ЧЕЛЛЕНДЖІ өтті. Мұғалімдер өздерінің жеткен жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазды.





15.12.2023 жылы күні мектебіміздің кітапханашысы Кемалова Айбибі оқушылардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін дамытып, олардың пайда болуы және тарихтағы маңызын білуге тәрбиелеу мақсатында **«Мемлекеттік рәміздер- Тәуелсіздік тұмары»** тақырыбында кітап көрмесін өткізді.

Шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталып, оқушыларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерінің тарихы, маңызы жайлы түсініктер берумен жалғасын тапты. Білім алушылар Мемлекеттік Рәміздер туралы өлең жолдарын оқып, кітапханашының шара тақырыбы бойынша қойылған сұрақтарына жауап берді. **«Егемендік белгілері»** атты арнайы жасақталған кітап көрмесіне кітапханашы Кемалова Айбибі шолу жасады. Шара соңында кітапханашы оқушылармен естелікке суретке түсті.

Тарихи оқиғалар тоғысқан, тағылымы терең бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қасиетті де қастерлі мереке –Тәуелсіздік күні. Бүгінде іргесі берік, абыройы асқақ Ата-бабамыздың асыл арманы мен ұлы мұраты болған Тәуелсіздік таңының арайлы шапағатын көзбен көріп, жүрекпен сезініп жүргенімізге биыл 32 жыл толып отыр. Қазақстан халқы үшін бұл үлкен қуаныш, әрі теңдесі жоқ тарихи кезең.

Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз осы уақыт аралығында толағай табыстарға, елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Жаңа ғасырда қайта түлеген мемлекетіміз кемелденген, қуатты да іргелі елге айналды.

Иә, шынында да Тәуелсіздік бүгінгі таңда күллі қазақстандықтардың құнды қазынасына айналды. Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт.

Осы орайда Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында желтоқсан айының 15 жұлдызында «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ-де «Тәуелсіздіктің ұлы рухы-желтоқсан» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Іс-шара Қазақстан Республикасының әнұранын айтудан және ұстаздардың мерекемен құттықтау бейнебаянды көруден басталды.

Мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы барша ұжымды ұлтымыздың ұлық мерекесі Тәуелсіздік күнімен құттықтап, ұстаздардың ерен еңбегін елеп, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін арнайы Алғыс хаттармен марапаттады. Сахна төрінде ел тарихында ерек орын алатын Желтоқсан оқиғасынан және 1991 жылы Қазақстанның Мемлекеттік тәуелсіздігін алғаны туралы қойылым қойылды. Кітапханашы Кемалова Айбибі «Тәуелсіз елім-Қазақстан» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Мектебіміздің жас өнерпаздары күмбірлеген күйді орындап, патриоттық әндерді шырқады. Шара соңында жиналған қауым алғысын білдіріп көңілді тарқасты.



Сауалнама: «Мектеп - оқушылар көзімен» сауалнама өткізілді.

Қорытынды: «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ, 5-10 сынып оқушылары арасында «Мектеп-оқушылар көзімен» тақырыбында, оқушылардың мектепке деген көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама өткізілді. 5-10 сынып аралығында барлығы 45 оқушы оқиды. Сауалнамаға 40 оқушы (88%) қатысты, 5 оқушы емге кетуіне байланысты қатыспады.

Сауалнама қорытындысы негізінде талдау жүргізіліп, нәтижесінде аталмыш білім беру мекемесі және қызметтерінің деңгейі толық қанағаттандыратындығы анықталды.



№	Сауалнама мазмұны	Барлық оқушы саны	Сауалнамаға қатысқандар саны/пайызы	Сауалнама нәтижесі		
				Ия	жоқ	
1	Мен өз мектебімді жақсы көремін?	45 %	40 (88%)	86 %	2%	
2	Мектептің ережесі, тәртібі ұнайма?	45 %	40 (88%)	88%		
3	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін	45 %	40 (88%)	88%		
4	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	45 %	40 (88%)	88%		
5	Ұстаздармен тіл табысу қиынба?	45 %	40 (88%)	60%	26%	
6	Сыныптастарың ұнайма?	45 %	40 (88%)	82%	6%	
7	Мен мектепте жиі шаршаймын?	45 %	40 (88%)	77%	11%	
8	Мұғалімдердің сабақ беру шеберлігі ұнайма?	45 %	40 (88%)	88%		
9	Мұғалім білімге деген қызығушылығыңды дамытады ма?	45 %	40 (88%)	88%		
10	Мектеп асханасы көңіліңнен шығама?	45 %	40 (88%)	88%		
11	Ата-анаңа мектеп туралы жиі айтасың ба?	45 %	40 (88%)	60%	26%	

20.12.2023 жылы күні мектебіміздің білім алушыларына ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру мақсатында «**Әжелер сөзі-тәрбие көзі**» тақырыбында танымдық сағаты өтті.

Танымдық сағаттың мақсаты: Ананың қызына беретін үлгі - өнегелері туралы түсіндіру; ананың «Бесік жыры» арқылы қыздарды адамгершілікке, адалдыққа, ізгілікке, инабаттылыққа баулу жолдарын көрсету.

Шара барысында даналық мектебінің жетекшісі Манашова Гүлмира келген қонақтармен амандасып, тақырып туралы өз ойымен бөлісіп, әңгіме жүргізді.

Шараға оқушылардың аналары, әжелері қатысып қыздарға тәрбие бағытында әңгіме жүргізді. Келген әжелер арасында өз сөзінде-бүгінгі дүниеге келген кішкентай қыз-ертеңгі сүйкімді бойжеткен, болашақ ана, ата-бабамыз қыз бала тәрбиесіне ерте замандардың өзінде-ақ көңіл бөлген. Қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, құрметтеп, олардың дәрежесі сөйлемей, ізетті, ұстамды болуды талап еткен. «Қыз өссе – елдің көркі» деп біздің қазақ халқы ежелден қыз баланы аялап, мәпелеп, ерекше құрметтеп, оның нәзік те ақылды болып өсуіне мән берген деп сөзін аяқтады.

Даналық клубының жетекшісі Манашова Гүлмира тақырып туралы бейне сюжет көрсетіп, өз ақыл кеңестерімен бөлісті. Әрі қарай мектебіміздің 9 сынып оқушысы Таңатарова Жанарай «Асыл ана» әнін орындады, клуб жетекшісі шараны қорытындылап аяқтады.

2023 жылдың желтоқсан айында сынып жетекшілер сабақ кестесі бойынша **«Біз жемқорлықпен қалай күресеміз?»** атты сынып сағаттарын өткізді.

Сынып сағатының мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, «Сыбайлас жемқорлық, паракорлық» сөздерінің мағынасы мен Сыбайлас-жемқорлық, әсіресе, мемлекеттік билік органдарында, экономикаға қауіпті не екенін түсіндіру.

Сынып сағаты барысында сынып жетекшілер презентация бойынша тақырып туралы мәлімет берді. Жағдаяттар туралы әңгіме жүргізді. Жоғары сынып оқушыларына бейнеролик көрсетіп, сұрақтар қойылды, әрі қарай оқушылар бейнероликтен көрген әсерлерімен кері байланыс орнатты.

Оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімен жетуге тырысындар, деп сынып жетекшілер сынып сағаттарын қорытындылай аяқтады.

«Мен қандай әкемін» атты сауалнама жүргізілді.


Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі әке рөлінің маңыздылығын түсіндіру, мектеп пен әкелер арасында байланыс орнату

Қатысушылар: әкелер

Желтоқсан айында психолог Ислам Майра «Аталар, әкелер, ағалар» клубы жоспарына сай «Мен қандай әкемін?» тақырыбында онлайн сауалнама жүргізді. Сауалнама мынадай 9 сұрақтан тұрды:

1. Балаңыздың қойған сұрақтарына үнемі түсінікті, әрі толық жауап бересізбе?
2. Балаға бір нәрсеге тыйым салудан бұрын, неліктен тыйым салатындығыңызды түсіндіруге тырысасыз ба?
3. Балаңыздың үй шаруасына ерте араласуына рұқсат бересіз бе?
4. Балаңыз өтірік айтса немесе тәртіп бұзса жай үнсіз қалдыру қажет деп есептейсіз бе?
5. Баланың бойындағы кез келген қабілетін көрсеніз ары қарай дамытуға тырысасыз ба?
6. Баланы тәрбиелеу үшін арасында "сілкілеп алу" қажет деп ойлайсызба?
7. Бала тәрбиесі туралы кітаптар оқисыз ба?
8. Балаңыз ызаланып, тыңдамай қойса, сабыр сақтай аласыз ба?
9. Өзіңізді ең жақсы әкемін деп есептейсізбе?


Сауалнамаға 48 әке қатысты. Нәтижесінде:



Балаңыздың қойған сұрақтарына үнемі түсінікті, әрі толық жауап бересізбе?

[Копировать](#)

48 ответов



Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ұйымдасатырылған «Қош келдің, жаңа жыл!» атты жаңа жыл мерекесі облыс орталығында 24.12.2023ж «Grand Nur Plaza» салтанат залында өтті. Жаңа жылдық мереке арнайы ұйымдастырылған бағдарлама бойынша өткізілді.

Жаңа жыл мерекесіне орай Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған сыйлықтарды алған оқушылар тізімі:

№	Баланың аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Мектебі, сыныбы	Мәртебесі	Жынысы
1	Базарбаева Аружан	25.03.2014ж 140325603346	«Жаңаөзен арнайы мектебі КММ» 3 «а» сынып	Тұлдыр жетім	Қыз
2	Кыркбаева Медина Кожаахметовна	06.06.2014ж 140606604113	«Жаңаөзен арнайы мектебі КММ» 3 «ә» сынып	Мүжәлсіз отбасы	қыз
3	Ақтулен Нұрайна	06.04.2012ж 120706604301	«Жаңаөзен арнайы мектебі КММ» 6 «а» сынып	Сәтсіз, мүжәлсіз отбасы, көп балалы отбасы	қыз
4	Каллибеков Ақилбек Базарбаевич	05.06.2012ж 120605050060	«Жаңаөзен арнайы мектебі КММ» 5 «а» сынып	Мүжәлсіз, Сәтсіз отбасы	ұл
5	Оңғарбай Сүндет Полатұлы	03.10.2013ж 131003501096	«Жаңаөзен арнайы мектебі КММ» 3 «ә» сынып	Көп балалы, мүжәлсіз отбасы	ұл

Аталмыш оқушыларға Президент атынан 100000(жүз мың теңге), «Детский мир» дүкенінен 10000 (он мың теңге) сертификаты, құттықтау қағаздары, тәттілер берілді.

Жаңа жылға мектебіміздің директоры, жауапты мамандар, медбике, мерекеге іріктеліп алынған 3 оқушы: Ақтулен Нұрайна, Кыркбаева Медина, Каллибеков Ақылбек қатысты. 2 оқушы денсаулығына байланысты қатыса алмады. Мерекелік шарада әсем шырша, аяз ата мен ақшақар, ертегі кейіпкерлері, әсем шырша, оқушыларға арналып жасалған дастархан болды. Мереке соңында оқушылар кейіпкерлермен естелікке суретке түсті. Оқушыларға берілетін сыйлықтарды алдын ала өзіміз алып, оқушыларымызға ата-аналарымен бірге мектебімізге шақырып таратып бердік.

Ал, денсаулығына байланысты мерекеге қатыса алмаған 2 оқушы Базарбаева Аружан мен Оңғарбай Сүндетті жаңа жыл мерекесімен құттықтауға мектебіміздің әлеуметтік педагогы, аяз ата мен ақшақар үйлеріне арнайы барды. Оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлап, сыйлықтарын табыстады.



25-29.12.2023 жылы күні аралығында мектебімізде 0-10 сынып оқушыларының қатысуымен «Ғажайыпқа толы-жаңа жыл!» атты мерекелік шара өткізілді.

Мерекелік шара мерекеге сай безендірілген акт залда өтті. Мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы жаңа жыл мерекесімен барша ұстаздарды, оқушыларды құттықтап сөз сөйледі. Іс-шара барысында оқушылар мерекелік киімдерін киіп, өз өнерлерін көрсетті. Кейіпкерлерде қонаққа келіп, оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлады. Шыршаның сәні аяз ата мен ақшақар да келді. Олармен бірге ескі жыл мен жаңа жылда келіп оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады. Оқушылар ескі қоян жылымен қоштасып, ұлу жылын қарсы алды. Аяз Ата, Ақшақармен бірге балалар ойын ойнады, биледі, өздерінің өнерлерін көрсетті және тақпақтарын айтып атадан сыйлық алды. Оқушыларымызды жылда өздерінің сыйлықтарымен қуантатын ЖШС «Бұрғылау» мекемесі демеушілік жасап, 129 оқушымызға сыйлық табыстады. Шырша өте көңілді өтті. Балалар естелікке суретке түсті.



2024 жылдың қаңтар айында сынып жетекшілер сабақ кестесі бойынша **«Діни экстремизм, терроризм бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп»** тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: Терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру. Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру.

Сынып сағаттарында терроризм, экстремизм, радикализм сөздерінің мағынасы туралы түсінік берілді. Оқушыларға осы тақырыпта көптеген сұрақтар қойылды, кері байланыс болды. Жастарға Отан алдындағы жауапкершіліктің мазмұны түсіндіріліп, өзге діни ұйымдардың тұжырымдарына құлақ аспауға шақырылып, олардың мақсаты тек мемлекеттер арасында экстремистік жанжалдар туғызу екендігі туралы айтылды. Бейнероликтен «Абайла діни экстремизм» атты бейнефильм көрсетілді. Білім алушылар терроризмнің ең үлкен зұлымдық екенін түсінді.

11.01.2024 жылы күні тарих пәнінің мұғалімі Хусаинова Гүлзия **«Құқықтық сауаттылық-заман талабы»** тақырыбында мұғалімдер арасында дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты: Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтып пікірлерін ортаға салу. Құқықтық сауаттылығын арттырып, мұғалімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Конституцияны т. б. құқықтық нормативтік актілерді орындап, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу

2024 жылдың қаңтар айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер **«Имандылық ілімі – тәрбиенің тұнығы»** тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

Сынып сағаттың мақсаты: Адамгершілік, ізеттілік, имандылық секілді құндылықтарды оқушылар бойына сіңіру. «Иман» сөзінің нақты мағынасын түсіндіру. Жалпы дін туралы ұғым түсініктерін кеңейтіп, ислам діні, имандылық туралы көзқарастарын дұрыс қалыптастыру. Имандылыққа, рухани тазалыққа тәрбиелеу.

Сынып сағаты сыныптарда уақытымен өтті. Сынып жетекшілер тақырып туралы түсінік берді, имандылық сөзіне тоқталып мағынасын түсіндірді. Жоғары сыныптарда мақал-мәтелдерді жалғастыр ойынымен жалғастырды. Тақырыпқа байланысты қысқаметражды бейнефильм көрсетілді. Оқушылар білген түйгендерінен кері байланыс жасады. Сынып жетекшілер қазіргі қоғамда адамдар бойындағы имандылық бір-біріне деген сыйластық, жастардың үлкендерге деген құрмет көрсетуі мен үлкендердің кішіге ізет көрсетуі және әдептілік пен арлылық қасиеттері туралы сөздерменен сынып сағатын қорытындылап аяқтады.

18.01.2024 жылы логопед Утепова Құндыз жоғары сынып оқушыларымен бірге «**Жемқорлыққа қалай қарсы тұруға болады?**» атты әңгіме сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға жемқорлықпен қалай күресу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын жүргізу.

Міндеті: Оқушылардың еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой – пікірлерімен санасуға жағдай жасау.

Оқушылардың ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап.

Қатысқан оқушылар:

Жоғары сынып оқушылары

Қатысқан мұғалімдер:

Тұяқбаева Жадырасын – тәлімгер

Қуанышбекова Маржан – логопед

Ахметова Гүлдана – логопед

Жауғашты Әсем – дефектолог

Барысы:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1.Түсіндірме

2.Бейнеролик көрсетілімі

3.Сергіту сәті

III.Қорытынды

Сұрақ-жауап

Қорытындысы: «Жемқорлыққа қалай қарсы тұруға болады?» атты жоғары сынып оқушыларымен өткен бейнеролик көрсетіліміне барлығы 15 оқушы мен 3 мұғалім қатысты. Бейнеролик барысында оқушылармен пікір алмасып, жемқорлықпен қалай күресуге, қалай қарсы тұруға болатыны кеңінен түсіндірілді. Оқушылар сұрақ-жауапқа қатысып көңіл-күйлерін көтерді.

2024 жылдың қаңтар айында сынып жетекшілер сабақ кестесі бойынша «**Жол ережесін сақтайық!**» атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол тәртібін әрдайым сақтауға және сақтыққа тәрбиелеу, жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету.

Сынып сағаттарында сынып жетекшілер жол ережесі және бағдаршамның түстері, жол белгілері туралы түсінік беріп өтті. Жұмбақ жасырумен тақырыпты ашты. Слайдтан жол қызметкерінің бағдаршам туралы бейнеролигін көрсетті. Білім алушылар тақырып туралы тақпақтарын айтты және кері байланыс орнатты.

Бүгін сендер өздеріңнің жол ережесі туралы білетін ойларыңызды көрсеттіңдер. Қай жерде жүрсеңдер де жолда жүру ережесін сақтап, басқаларды да соған шақырыңдар дегім келеді деген сөздермен сынып сағаттарын аяқтады.

19.01.2024 жылы күні жоспар бойынша ата-аналарға және оқушыларға арналған, әкелердің баласына деген қарым-қатынасын нығайту мақсатында көрме ұйымдастырылды.

Шара барысы оқушыларды «**Ата кәсіп – берекенің бастауы**» тақырыбында баяндама оқылып, ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмысы жүргізілді. Атадан балаға жалғасып келе жатқан кәсіп түрлері, соның ішінде тері өңдеу, ағаш өңдеу, киіз үй дайындау сияқты кәсіптердің бар екені түсіндірілді. Оқушыларды қызықтыру мақсатында қамшы бұйымы туралы түсінік берілді. Оның құрылысы және жасалу жолы, материалдары туралы айтылды. Аталар мен әкелерге әр түрлі пікір алмасу сұрақтары қойылды және әр түрлі ұлттық ойынға қатысты. Шараға қатысқан ата-аналармен оқушыларға арнайы алғыс хаттармен сыйлықтармен марапатталды.

Шара соңында Жайлыханов Ермек осындай тәрбие сағаттың арқасында ата-ананың оқушыға деген уақыты, көңілі көбірек бөлінуі баланың ойына, көңіл-күйіне, санасына оң әсерін тигізетінін айтып қорытындылады.



23.01.2024 жылы «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ- ның арнайы сынып мұғалімі Камалова Нагима ата-аналар мен бірге **«Танымдық үдерістерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстел мақсаты: Әр ата-ананың өз баласының мінез-құлық сапасын тануға, түсінуге кеңес беру, танымдық үдерістерін дамытуда қолдау көрсету. Ата-аналар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға көңіл бөліп, таным үрдістерін дамытуға ықпал жасау.

Дөңгелек үстел міндеттері:

- 1) Өз баласын түсіну мүмкіндіктерін кеңейту;
- 2) Баламен өзара тығыз қатнаста болу;
- 3) Баламен өзара әрекеттің жаңа дағдыларын меңгеру;

Дөңгелек үстел әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, сауалнама,

Дөңгелек үстелге қатысқан ата-аналар:

Беркалиев Алтынбек- анасы Беркалиева Назгүл (2-сынып)

Сали Ахат- анасы Тажикова Айгерім (2-сынып)

Изимберді Сезім- анасы Нұргалыева Уметей (4-а сынып)

Сапарбай Бауыржан –анасы Өмірзакова Гүлсімай (1-сынып)

Райымхан Ержігіт –атасы Барахат

Дөңгелек үстелге қатысқан мұғалімдер:

Беробаева Айгүл- Тәрбие жөніндегі орынбасары

Құрбаниязова Айжан- бастауыш сынып мұғалімі

Нұрымбетова Гүлмира- бастауыш сынып мұғалімі

Дөңгелек үстел барысы:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» сұрақ-жауап
2. «Менің балам» сұрақ-жауап
3. «Супермаркет» ой салу
4. «Үй жағдайында таным үдерістерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларға мысалдар» талдау
5. Сауалнама алу

III. Қорытынды

1. «Ата-ананың міндеттері» сұрақ-жауаптар

Дөңгелек үстел қорытындысы: «Таным үдерістерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты ата-аналар мен өткен дөңгелек үстелге барлығы 5 ата-анамен, 3 мұғалім қатысты. Дөңгелек үстел барысында ата-аналар пікір алмасып, психологиялық жаттығулар орындалды, сауалнама алынды. Отбасында ата-ананың қатысуымен балада таным үдерістерін дамытуда ойындар мен жаттығулардың маңызы айтылды.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында 26.01.2024ж. күні мектебімізде «Қазақ есебі» челленджі өткізілді. Мектебіміздің математика пәні мұғалімі К.Н. Сандыбаева мұғалімдерге профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серкүлділінің авторлық есептерін түсіндіріп, әрі қарай берілген есептерді мұғалімдер жалғастырып шығарды.



Қаңтардың 23 жұлдызында «Біздің таңдауымыз құқықтық мемлекет» тақырыбында ұстаздарға арналған дөңгелек үстел өтті. Ұйымдастырушылар арнайы сынып мұғалімдері Дуйжанова А.Ы мен Ермекбаева Ж.Б. Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты: Адам бойындағы азаматтық жауапкершілік сезімін, өз елінің алдындағы азаматтық борышын, Отан мүддесіне қызмет етуге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру.

Негізгі бөлімде «Құқық» туралы жалпы түсінік беріп өтті. Құқық дегеніміз – мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі. Мектебіміздің арнайы сынып мұғалімі Ермекбаева Жансая ұстаздардың міндеттері мен құқықтары жайында айтып өтті. Дөңгелек үстел сайыс ретінде өтті. Қатысушыларды екі топқа бөлдік.

I тапсырма: Берілген суреттер бойынша балалардың құқықтарын айтады, мазмұнын ашады. Мен қандай міндеттіміз орындауым керекпін? Лэд экраннан суреттер көрсетіледі қатысушылар, құқыққа байланыстырып жаап беру тиіс.

II Мен заңды жақсы білемін бе? Қатысушыларға 10 сұрақ беріледі. 3 минутта жауап беру керек.

III «Тығырықтан шығар жол қайсы» (ситуациялық жағдайды шешу)

Ситуациялық жағдаят беріледі, соған байланысты өз пікірлерін ортаға салады.

IV Логикалық сұрақ.

Жер енді ғана жаратылған, адамдар бір бірімен дос, бауыр болыпты, бір-бірінен еш нәрсені аямапты. Бір күні аспаннан әр түрлі ленталар түсіпті де адамдар үлгергенінше бірі қызылын, бірі көгін, енді бірі сарысын алыпты Күндердің күнінде қатты жел тұрыпты да қызыл лента алғандар қызыл, көк лента алғандары көк ауыл болып бөлініпті. Әр ауыл бөлек-бөлек қорған тұрғызыпты. Біраз уақыттан соң әр ауыл достықты ұмытады. Көк ауылда су бар, азық жоқ, қызыл ауылда азық бар, су жоқ, Сары ауылда азық та, суда бар, от жоқ. Енді қалай өмір сүруге болады, не істейсіңдер? Қатысушыларға логикалық сұрақты оқып беріп, өз ойларын ортаға салып, сұраққа жауап береді.

V «Қылмыскер бала қайдан шығады?» «Пікірталас.

Қатысушылар екі топқа бөлініп, өз ойларын ортаға салады, пікір алмасады.

VI Қорытынды.

Ж. Аймауытов: “Тәрбиеге әсер беретін нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас, жолдастың азғырып, адам неше түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі” дегендей, баланың қылмыстық жолға түспеуіне бірінші жауапты отбасы. Сондықтан Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жасөспірімдер арасындағы тәртіпті күшейтіп, олар үшін мәдени шараларды кең деңгейде өткізу олардың болашағына жағдай жасауды қолға алып отыр. “Жаңа әлемде жаңа Қазақстан” атты жолдауында Н.Ә. Назарбаев жастар болашағына үлкен сенім артатынын атап көрсетті.



25.01.2024ж. күні **Даналық мектебінің** жоспары бойынша бастауыш сынып мұғалімі Чалабаева Гүлшара 5-10 сыныптың қыз балалар арасында «**Анамен сырласу**» әңгіме сағатын өткізді. Әңгіме сағаты әдемі өлең шумақтармен басталды. Қонаққа қыз балаларымыздың аналары қатысты. Қыз - өмірдің қызғалдағы, қыздар - болашақ ана деп аналардың құрметіне мектебіміздің жас маманы Қуанышбекова Маржан «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» тақырыбында ән салып, аналарға арнау арнады.

Сондай-ақ, қазақтың салт-дәстүрі бесік жырынан көрініс қойды. Әрі қарай көрініс туралы және ырым, тыйым сөздерге байланысты әңгіме өрбітті. «Қыз тәрбиесі - ұлт болашағы» деректі фильм көрсетілді. Деректі фильм қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет ететіні туралы аналарға ой салды.

Сонымен қатар, «Кел, үйренейік айдары» барысында ұршық үйіру, шаш өру, шашпау тағу т.б сияқты нәрселерді көрсетіп, қыз балаларға үйретті.

Әңгіме сағатын қорыта келе Чалабаева Гүлшара аналар мен қыздар арасында «Гүл шоқтарын сыйла» атты ойынын ұйымдастырып қорытындылап аяқтады. Аналар қыздарына гүл шоқтарын арнап жақсы лебіздерін жеткізді. Шара соңында аналарға сөз беріліп, аналар өздерінің ризашылықтарын айтып, ақ тілектерін жаудырды. Шарамызға келген аналарға мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары Бербоева Айгүл Ордалықызы рахметін айтты.



01.02.2024 жылы күні жоспар бойынша **Тұмау және ЖРВИ-дың** алдын-алу бойынша медбике Тлесова Сулуша мен Картбаева Роза оқушыларға бейнеролик көрсетті. Мақсаты: Оқушыларға вирустық аурулар бойынша түсінік беру. Алдын-алу бойынша сақтық шараларына баулу. Ұқыпты, таза болуға тәрбиелеу.

Шараға 7-8-9 сынып оқушылары қатысты. Бейнеролик көрсету барысында медбикелер Тұмау мен ЖРВИ туралы мәлімет беріп өтті. Тақырып бойынша баяндама оқып, тұмаудың пайда болу салдары туралы айтты. Сондай –ақ, тұмау вирусының алдын- алу бойынша кеңес берді. Яғни дәрумендерге бай өнімдерді жиі пайдаланып, күнделікті уақытылы режимді дұрыс ұстанып, тазалықты сақтау әдістерімен бөлісті.

Тұмау және ЖРВИ вирустарымен күресудегі маңызды қару – таза ауада тұрақты серуендеу екендігін және тиімді алдын-алу шараларының бірі қорғаныс гигиеналық таңғышты (маска) қолдану болып табылатынын ескертті.



Ағымдағы жылы 2 ақпан күні мектебіміздің медбикелері мектеп ұжымына **қызылша ауруының** үдеуіне байланысты жиналыс өткізді. Медбикелер қызылшаның белгілері, вакцинация туралы, алдын-алу бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді.

Медбикелер бейнеролик көрсету барысында қызылша-ауа тамшылары арқылы берілетін жоғары жұқпалы ауру. Кәдімгі ЖРВИ ретінде басталады, мұрынның ағуы, жөтел пайда болады, әдетте құрғақ, температура көтеріледі. 3-4 күннен кейін науқастың жағдайы нашарлайды, бөртпе пайда болады. Менингит, отит, пневмония, тіпті энцефаломиелит және гепатит сияқты ауыр асқынулар болуы мүмкін. Олар қызылшаның белгілерін тізіп, инкубациялық кезеңнің мерзімдерін еске түсірді, диагностика және қолданылатын емдеу әдістері туралы айтып, қорытындылады. Жиналыста мектебіміздің оқушылары мен қызметкерлері қызылшаға қарсы екпе алуға міндетті екендігі айтылды.





«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында 08.02.2024 жылы күні мектебімізде **«Тұлпар мініп, ту алған»** батырлар жырын оқу эстафетасы өткізілді.

Батырлар жырын жатқа айтудан өтіп жатқан «Тұлпар мініп, ту алған» атты эстафета барысында мектебіміздің мұғалімдері Алпамыс батыр жырын жатқа айтқан болатын. Эстафетаны әрі қарай кітапханашы Кемалова Айбибі жалғастырды. Жоғары сыныптың оқушылары да эстафетаға ат салыса қатысты.

09.02.2024 жылы күні мектебімізде ақиық ақын **Мұқағали Мақатаевтың** туған күніне орай кітапханашы және қазақ тілі мұғалімдері, сынып жетекшілер **«Қазақ поэзиясының мұзбалағы»** атты поэзиялық кеш өткізді.

Кештің мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, әндері мен поэмаларымен танысу. Ақынның өлеңдері мен поэмалары арқылы жасөспірімдерді әсемдікке, елжандылыққа, елін-жерін сүйуге талпындыру.

Шара ақынның сөзіне жазылған өлең шумақтарымен ашылды. Сондай-ақ, Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы экраннан мәлімет беріп өтті. Мұзбалақ ақынның туған күніне орайластырып өткен поэзиялық кешке мектебіміздің мұғалімдері белсене қатысып, "Үш бақытым", "Әйелдерай", «Ей, өмір», «Фаризаға» т. б. сияқты өлеңдерін нақышына келтіре айтып, арнау жырларын оқыды.

Сонымен қатар 3 сыныптың оқушылары тапқартарын айтып, мұғалімдер попури әндерін орындады. Кітапханашы ақынның шығармаларынан көрме ұйымдастырды. Поэзиялық кештің соңы ақынның «Есіңе мені алғайсың» әнімен ұласты.



14.02.2024 жылы күні ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында мектебіміздің еңбек пән мұғалімдері жоспар бойынша **«Бір сәт бақыт сыйла»** атты қолөнер жасау акциясын өткізді.

Шараны ұйымдастырған еңбек пән мұғалімдері арнайы қазақи бұрыш жасақтап, қолдан жасалған қолөнер бұйымдарын оқушыларға таныстырып өтті. Әр жасалған қолөнер бұйымдары өзінің ерекшелігімен көзге түсті.

Сондай-ақ, ақ дастархан жайылып бауырсақ, құрт, шұбаттан оқушылар дәм татты. Қолөнер көрмесінде зергерлік, ағаш ою, тоқыма бұйымдары және қазақи нақыштағы ұлттық киімдер киізден, фетрден жасалған дүниелер қойылды. Көрме соңы Жайылханов Ермектің адай күйі әнімен ұласты.



2024 жылдың ақпан айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер **«Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы»** тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушылардың Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту; Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу болды.

Тәрбие сағаты барысында оқушыларға рәміздер туралы ақпараттар берілді, оқушылар да аталған тақырып бойынша тапқатарын айтып, әндерін орындап белсенділік көрсетті.

Ел құндылығын дәріптеп, мерейін асқақтатуды мақсат еткен тәрбие сағаттары одан әрі балалардың ән-биіне ұласып, білім алушылардың патриоттық ән-жырларымен өрілді. Қолдарын жүректеріне қойған әрбір бүлдіршіннің жанарлары мөлдіреп, Гимнді орындағандағы патриоттық сезімдері ерекше көзге түсті. Әрі қарай қызықты ойындармен ұласты. Сонымен қатар сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын әдемі қорытынды өлең шумақтармен аяқтады.

2024 жылдың ақпан айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер **«Тәуелсіздік жетістіктері»** тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Оқушы бойында саналы тәртіп, сапалы білім алуға дұрыс көзқарас қалыптастыру.

Тәрбие сағаты барысында сынып жетекшілер өлең шумақтар, құттықтаумен ашты. оқушыларға түрлі психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Тәуелсіздік тақырыбында презентация көрсетіліп, тәуелсіздік жылдары болған жетістіктермен, маңызды жаңалықтармен бөлісіп, ой талқылады. Тәрбие сағатының соңында мектеп ішіндегі тәртіп пен ережелер таныстырылды.

15.02.2024 жылы күні жоспар бойынша балаларға арналған **ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік** сияқты қасиеттерді насихаттау мақсатында сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі Есенаманова Гүляйым мұғалімдер мен оқушылар арасында қойылым көрсетті.

Шара барысы ар-ұят, адалдық, әділеттілік туралы баяндама оқумен басталды. Сахна төрінде мұғалімдер мен оқушылар жазушы Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» туралы әңгімесінен қойылым қойды. Қойылымның мағынасынан көрермен ой түйді. Сондай-ақ ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығынан «Ұят болар-ау» атты өлеңін жатқа айтты. Оқушылар арасында тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді жалғастыр ойыны ұйымдастырылды.

Шара соңында Есенаманова Гүляйым осындай мағынасы бар іс-шаралар арқылы оқушы бойына адалдық, ар-ұят, абырой, әділетті, жауапты және т.б сияқты қасиеттерді дарыта аламыз деп қорытындылап аяқтады.



15.02.2024ж. Мектебіміздің қадірлі қонағы **Ауған соғысы ардагері Максұтов Олжабай** ағаймен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты: Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету, жат жерде көз жұмған жерлес азаматтарды еске алу және жастарға патриоттық тәрбие беру.



16.02.2024 жылы күні еңбек пәні мұғалімі Жайлыханов Ермек жоспар бойынша оқушыларға арналған «**Сыбайлас жемқорлық жоқ ел – өркендеуші ел**» атты бейнеролик көрсетті.

Шара барысы оқушыларды «Сыбайлас жемқорлық жоқ ел – өркендеуші ел» тақырыбында баяндама оқылды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары түсіндіріліп сол туралы видеороликтер, слайдтар көрсетілді. Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың біздің болашағамызға, елімізге деген келтіретін зиянды жақтары айтып түсіндірілді. Оларға әр түрлі ойындар ойнатылды. Және болашақта қандай маман болғысы келетіндері туралы өз ойларын айтты.

Шара соңында Жайлыханов Ермек осындай тәрбие сағаттың арқасында оқушылардың білімге деген ұмтылысын, сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарасын қалыптастырып отыру жақсы нәтиже береді деп қорытындылады.



19.02.2024 жылы дефектолог Оймағанбетова Балжан Үсенқызы ата-аналармен бірге «Сапалы білім мен нәтижеге қол жеткізу үшін ата-ана мен мектеп арасында қандай байланыс болу керек?» атты дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстел мақсаты: Ата - ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауын дамыту, бала тәрбиесінің бағбаны - ата-ана мен мұғалім екенін ұғындыру. **Күтілетін нәтиже:** Ата-ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауы дамиды, бала тәрбиесінің бағбаны ата-ана, мұғалім екенін ұғынады. Оқушы мен ата-ана, мұғалім арасындағы қарым-қатынас орнап, одан әрі дами түседі.

Дөңгелек үстел әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, психологиялық жаттығулар.

Дөңгелек үстелге қатысқан ата-аналар:

Алдиярова Сандуғаш – Жүсіпбай Мейрамбектің анасы

Исмагулова Айгүл – Самбайқызы Бағланның анасы

Дөңгелек үстелге қатысқан мұғалімдер:

Момбаева Айгул – Оқу ісі жөніндегі орынбасары

Манашева Гүлмира – «Математика» пәні мұғалімі

Дөңгелек үстел барысы:

I. Психологиялық дайындық

1. «Сәлемдесу» жаттығуы

2. «Ерекше танысу»

II. Негізгі бөлім

1. «Ой қозғау»

2. «Қызықты сұрақтар» ойыны

3. Аяқталмаған сөйлем «Менің балам ...»

III. Қорытынды

1. «Тілек шамы» жаттығуы

Дөңгелек үстел қорытындысы: «Сапалы білім мен нәтижеге қол жеткізу үшін ата-ана мен мектеп арасында қандай байланыс болу керек?» атты ата-аналармен бірге өткен дөңгелек үстелге барлығы 2 ата-ана, 2 мұғалім қатысты. Дөңгелек үстел барысында ата-аналармен пікір алмасып, психологиялық жаттығулар орындалды. Ата – аналар арасында жағымды қарым – қатынас орнатылып, олардың сыйластықтары нығая түсті. Оқушы мен ата-ана, мұғалім арасында қарым-қатынас орнап, одан әрі дами түсті. Ата-ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастығы артты.

Мемлекеттік қызметтің имиджін арттыру мақсатында 20.02.2024ж. күні ТЖО Бербоева А. мен кәсіподақ төрайымы Есенаманова Г. ұжым арасында «Ашық есік күні» акциясы өткізілді. Кәсіподақ төрайымы Есенаманова Г. мұғалімдерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы баяндамасын оқып, сауалнама алынды. Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады.



2024 жылы мектебімізде «Даналық мектебі» клубының жылдық жоспарына сәйкес 20 ақпан күні "Даналық мектебін" қолдауға, оң ата-ана болуды жандандыру, педагогикалық әлеуетін аға ұрпақ бойында адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру, шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас студия мәнін талқылау мақсатында дене шынықтыру пән мұғалімі Наукебаев Ғабит пен Ізімбергенов Нұрсерік ата-әкелер, ағалар мен оқушылар арасында «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстел барысында Наукебаев Ғабит Даналық мектебінің жоспары туралы сөз сөйлеп, тақырыптан таныстырып өтті. Сондай-ақ әке тәрбиесінің маңызы туралы Жайлыханов Ермек сұрақ-жауап айдарын ұйымдастырды. Мектебіміздің музыка жетекшісі Серіков Арсен «Әкеге алғыс» әнін орындады. Сонымен қатар Ізімбергенов Нұрсерік «Әкем және мен» атты спорттық сайыс өткізді. Мектебіміздің жас мамандары Қуанышбекова Маржан мен Утепова Құндыз қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі күйді домбырамен орындады.

Шара барысында оқушыларымыз жеті ата, шежіре ұғымдары туралы мәліметтер алды. Аталарымыз жеті ата, жеті атадан қыз алыспау, тек баба ұғымдары туралы өз ойларымен бөлісіп, аға буынға, жеті аталарыңызды біліп жүру қажеттігін, шыққан тегі мен руын білу маңызды екенін алға тарта отырып ақыл кеңестерін және білім алушыларға оң баталарын берді.

Дөңгелек үстелдің соңында белсене қатысқан ата-әкелерді, ағаларды, оқушыларды мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары Бербасева Айгүл Ордалықызы жылы лебізін білдіріп, сыйлықтар мен алғыс хаттармен марапаттады.



22.02.2024 жылы күні жоспар бойынша оқушылар арасында мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары Бербоева Айгүл Ордалықызы «Жасөспірім және заң» тақырыбында инспектормен кездесу өткізді.

Мектеп оқушылары арасында өткен "Заң және жасөспірім" атты кездесуде кәмелетке толмағандардың мектеп инспекторлары М.Қосанов, "Жасөспірімдердің құқықтық жауапкершілігі" тақырыбында түсіндіру жұмысын жүргізді. Кешкі уақытта қараусыз жүру, телефон арқылы жасалатын құқықбұзушылық, жолда жүру ережелері туралы айтып, оқушыларды заң актілерімен таныстырды.

Мектепте, көшеде, қоғамдық орындарда, көпшілік демалатын демалыс орындарында тәртіп ережелерін қатаң сақтауды ұсынды. Ол мектеп оқушыларына ішімдік пен темекінің зиянын еске салып, осы тәуелділіктердің зиянды жақтарын түсіндіре кетті. Әңгіме барысында балалар инспекторы зор ықыласпен тыңдап, барлық қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Сонымен қатар слайдттан тақырып бойынша сұрақ қойылып, оқушылар өз ойларын айтып кері байланыс жасады.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында «Әжелер, аналар, жеңгелер мектебі» жоспары бойынша қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге байланысты ананың қыз балаға отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтаушы ретінде рөлін ашу арқылы қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен ашу мақсатында ақпан айының 28 жұлдызы күні мектебіміздің тәлімгері мен педагог-психологы аналар арасында «Сегіз қырлы, бір сырлы» тақырыбында сайыс өткізді.

Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік іс-шара қазаки нақышқа сай безендірілген. Сайысқа 4 ана қатысты. Өз тәжірибесінен көргені мен түйгенін айта отырып іс-шара барысында аналар қыздарына ұршық иіру, ала жіп өруді көрсетіп, сиыр сауу мен киізге өнерді қалай жапсыруға болатынын үйретті. Сондай-ақ «Бір мақал, бір бауырсақ» айдарымен яғни салт дәстүрге байланысты мақал-мәтелдерді жалғастырумен қорытындылады. Тәрбиелік мәні бар бұл сайыстың әрбір кезеңі көрерменге жақсы көңіл-күй сыйлады. Шара соңында сайысқа белсенді қатысқан аналарды сыйлықтармен, алғыс хаттармен марапаттады. Мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбаевна аналарға жылы лебізін айтып, ризашылығын білдірді.



Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні **«Алғыс айту күні»**.

1.03.2024 жылы күні мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдері мектеп ұжымын алғыс хаттармен, тәттілер таратып, жылы лебіздерін білдірді. Сондай-ақ 0-10 сыныптың сынып жетекшілері **«Мен сізге алғыс айтамын!»** атты тақырыпта челлендж бастады. **Челлендждің мақсаты:** Оқушылардың «Сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту және үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту мен әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Шарамызды қорытындылай келе мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы: Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдерінді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. **«Рахмет»**-деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтандар деп өз ізгі тілегін білдірді.

2024 жылдың наурыз айында сабақ кестесі бойынша 1 наурыз –Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне орай төтенше жағдайлардың алдын-алу мақсатында сынып жетекшілер **«Төтенше жағдайлардың алдын-алу»** атты тақырыпта тәрбие сағаттарын өткізді.

Тәрбие сағаттары уақытылы сыныптарда өтті. Сынып жетекшілер оқушылардың әртүрлі төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау сауаттылықтарын артырып, өздерін төтенше жағдайларда қалай ұстау керектігін, алғашқы көмек қалай көрсетуді, қауіпсіздік жағдайлары мен алдын-алу шараларын түсіндірді. Сонымен қатар оқушыларға төтенше жағдайлар кезінде еліне көмек көрсету патриоттық іс екендігін ұғындыра отырып, азаматтық-партиоттық тәрбие бағыты бойынша әңгіме жүргізілді. Тәрбие сағаттарына мектебіміздің медбикелері де ат салысты. Медбикелер төтенше жағдайлар кезінде алғашқы көмек беру түрлерін көрсетті. Оқушылар да тақырып бойынша қойылған сұрақтарға кері байланыс жасап отырды. Сондай-ақ сынып жетекшілер тәрбие сағатын оқу-жаттығумен қорытындылап аяқтады.

05.03.2024 жылы күні мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Оңғарбекова Раушангүл арасында **«Өлкеміздің табиғаты»** атты тақырыпта сурет көрмесін өткізді.

Сурет көрмесінің мақсаты: Оқушыларды туған өлкеге деген сүйіспеншілікке, оны қадірлеуге, қамқор болуға тәрбиелеу.

Шараға әр сыныптың оқушылары ат салыса қатысты. Оқушылар туған өлкенің табиғатын бейнеледі. Оқушылардың салған суреттері акт залда жарға ілінді. Сонымен қатар бейнеленген суреттері бойынша әңгіме өрбітті.

Сурет көрмесінің қорытындылау нәтижесінде әдемі, тартымды сурет салған оқушылар арнайы орындармен марапатталды. Естелікке суретке түсті.

8 наурыз-Халықаралық аналар, арулар мекресіне орай мектебімізде 07.03.2024 жылы күні **«Әлемді қолмен тербеткен –ана!»** атты тақырыпта мұғалімдер және кіші қызметкерлер арасында **«Егіз лебіз»** байқауы өтті.

Байқау мерекеге сай беғзендірілген акт залда өтті. Шараның ашылуын мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы көктемдей құлпырған сұлу қыздарымыз бен мектеп ұжымын аналардың төл мерекесіне деген ерекше құрмет пен құттықтауларды жаудырды. Сонымен қатар мереке қарсаңында мектебіміздің математика пән мұғалімі Манашова Гүлмира Көптілеуқызы, еңбек пән мұғалімі Бердешова Тамара, кіші қызметкер Усорова Гүлнар Жаңаөзен қаласының әкімінен алғыс хат алды. Сондай-ақ «Егіз лебіз» байқауына қатысқан әрбір жұптарымыз киім және сахналық қойылым, вокалдық ән жағынан өздерін ерекше көрсете білді. Әділ қазы мүшелері бір ауыздан жұптарды мынадай орындармен марапаттап, сыйлықтар табыстады.

«Егіз лебіз» музыкалық концерттің қорытындысы:

I орын –Әлиева Салтанат –Картбаева Роза

II орын – Жайлыханов Ермек-Қуанышбекова Маржан

III орын – Қарақұлова Бибігүл-Карасаева Назгуль

III орын – Ізімбергенов Нұрсерік-Утепова Құндыз

«Көгермен көзайымы» номинациясы – Мурзабаева Багила-Адайханова Гүлзира

«Ең керемет жұп» - Дүйжанова Аида-Ислам Майра

«Шығармашылық жұп» - Ахметова Гүлдана-Қожабергенова Нүргүл

«Ең өнерлі жұп» - Серигов Арсен-Сагындиқова Меруерт



13.03.2024 жылы күні тәрбие жоспарына сәйкес оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дұрыс тамақтану мәдениетін жүйелендіру мақсатында мамандар, дене шынықтыру пәні мұғалімдер «Пайдалы және зиянды тағамдар» тақырыбында ойындар ұйымдастырып өткізді.

Ойынның мақсаты: Оқушыларды зиянды және пайдалы тағамдарды ажырата білуге дағдыландыру. Дұрыс тамақтануға баулу. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Шараға барлық сыныптардың оқушылары қатысты. Ұйымдастырушы алдымен ойынның тақырыбымен және өтілу барысымен таныстырып өтті. Оқушыларды екі топқа бөліп зиянды және пайдалы тағамдарды ажырату туралы сұрақ қойып, дұрыс тамақтану туралы әңгіме жүргізді. Ойын барысында оқушылар белсенділік танытып, пайдалы және зиянды тағамдарды ажырата білді. Қорытындылай келе ойынның соңында салауатты өмір салтын дұрыс сақтануды, тамақтанудың әдістерін айтып ойынды қорытындылап аяқтады.

14.03.2024 жылы күні мектебімізде жоспар бойынша **14 наурыз - Амал мерекесі адамдардың бір-бірімен амандасып, жақсылық тілейтін қауышу күніне орай «Жыл басы-Наурыз»** атты тәрбие сағаттарымен көрісу күні өтті.

Мақсаты: Оқушыларды қазағымыздың салт - дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

Мектеп іші мерекеге сай безендірілген, бұрышта қазақи нақышта ағаш үй құрылған. Ұлттық нақышта киінген мұғалімдеріміз, оқушыларымыз бір-бірімен амандасып «Жаңа жасың құтты болсын», «Бір жасыңмен», «Жасыңа жас қосылсын», «Амал мерекесі құтты болсын» деп бір-біріне тілек айтып қауышты. Сондай –ақ амал мерекесі тәрбие сағаттармен жалғасты. Тәрбие сағаты барысында сынып жетекшілер амал мерекесі туралы оқушыларға мәлімет беріп өтті. Көрісу күнінде халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен қол алысып, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарханын жайып, міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарханға тәттілерін дайындап қояды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Бір-біріне «Бір жасыңмен!» деген сөздерін айтады. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді деп амал мерекесі туралы әңгіме жүргізді. Әрі қарай асық ату, күш сынаспақ, қыз қуу, арқан тарту т.б сияқты ұлттық ойындармен үлесті. мерекеге байланысты оқушылар тапақтарын айтып, әндерін орындады. Мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары Бербоева Айгүл тәрбие сағаттарына қатысып мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.



2024 жылдың наурыз айында ай бойы оқушыларға жақсы үлгі көрсету, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, еңбекке баулуға, туған жерді қастерлеуді үйрету мақсатында мектеп ауласын көркейту-көгалдандыру бойынша мұғалімдер ағаш отырғызды.

«Бір тал кессен, он тал ек» қағидасы халқымыз үшін тал егу — маңызды істердің бірін ұстанған мұғалімдеріміз мектеп ауласында жер қопсытып, тазартып, тал – бейбітшілік нышаны демекші жеміс ағаштарынан ағаш екті. Жұмыла көтерген жүк жеңіл деп барлық мұғалімдер күллі жаратылысқа деген ықыластарын оятып, бар күш-жігерлерімен 30 ағаш отырғызып, игі іс жасады. Сондай –ақ «Менің ағашым

менімен бірге өседі» атты акцияда ұйымдастырылып, жоғары сыныптың оқушылары да 12 дана өрік, алма, шие жемістерінің ағаштарын отырғызды.



Мектебімізде біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесі аясында, **14-23 Наурыз аралығында** наурызнама **онкүндік** іс-шаралары ұйымдастырылды.

14 наурыз - Амал мерекесі, көрісу күніне орай «**Жыл басы-Наурыз**» атты тәрбие сағаттары өтті. Сонымен қатар, бұл мереке қарсаңында ұжым мен оқушылар қазақи киімдерімен, ертемен мектепке келіп, бір-бірімен арқа-жарқа көрісіп, маз-мейрам болды. Тәрбие сағаты барысында сынып жетекшілер батыс аймақтарында тойланатын бұл **Амал мерекесінің** «Көрісу күні» деп аталып, халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен қол алысатыны, ескі ренішті ұмытып, бір-біріне "Бір жасыңмен! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!" деген тілектер айтатыны туралы, оның тәрбиелік мәні туралы айтылды. Оқушылар осы **мерекеге** арнап құттықтау видеоларын да жолдады. Оқушылар арасында салт дәстүрге байланысты ұлттық ойындар жарысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар баяндауыш сыныптың сынып жетекшілері наурыз мерекесінде жасалатын наурыз көже дайындады.



15 наурыз – Қайырымдылық күні Наурыз – мейірімділік мен қайырымдылық мерекесі. Бұл күн халықты бір-біріне жанашырлық танытып, тату болуға, қоғамды бірлікке шақырады. «15-наурыз – Қайырымдылық күніне» орай, «Жаңаөзен арнайы мектебі КММ» бойынша қайырымдылық жәшігі қойылды.

Қайырымдылықтан жиналған ақшаға - әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Қайырымдылыққа ат салысқан мектеп ұжымына алғысымыз шексіз.

Осындай қайырымдылық акциялары әлі де өз жалғасын таба береді деп сенеміз.

16 наурыз — «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» аясында Наурызды мерекелеуге, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын ілгерілетуге арналған **«Ұлттық мәдениеттің негізі – салт-дәстүр»** атты танымдық сағаты өткізілді. Танымдық сағатына оқушылардың аналары қатысты. Аналар қазақи нақышта киініп, әжелердің киіпін танытты. Сондай-ақ құлақ тесу дәстүріне негізделген сырғалықыз, шашбау тағу дәстүрін дәріптейтін шаштыңсәні шашбау қойылымын, сыртта жүрген ер баланың аман-есен үйге оралуына тілеулестікті білдіретін шаңырақ тілеулесі дәстүріне куә болып, әжелер орындауындағы халық әндерінен ән шашу тыңдады.

Бұл күн ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, салт-дәстүрімізді дәріптейтін, қазақи болмысымызды айшықтайтын ерекше күн болды.

17 наурыз - «Шаңырақ күні» қарсаңында **мектебімізде** отбасылық құндылықтар дәріптеліп, үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның дәлелі ретінде 40 жылдай отау құрған Арман Әли немересі Нурдовлетов Дидарбектің ата-әжесінің отбасылық өмірінен **«Отбасым менің мақтанышым»** атты тақырыпта бейнеролик түсірді.


18 наурыз-«Ұлттық киім күні» мерекесіне орай ата-бабамыздан мұра болып жеткен асыл қазыналарымыздың бірі ұлттық киім кино сән ғана емес, халқымыздың өнегелі тәлім-тәрбиесін, бай ұлттық болмысымызды жас ұрпаққа насихаттау мақсатында **«Ұлттық киім»** күнінде мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары белсенділік көрсетті. Этно стильде киінген мұғалімдер, кіші қызметкерлер өздерінің киімдерімен ерекше көзге түсті.



19 наурыз – «Жаңару күні» мерекесі қарсаңында көктемгі ағаш егу дәстүрін жалғастыру ұсынылды. Бұл күні «Жаңа көшеттер- жаңа идеялар-мемлекет дамуындағы жаңа кезең» көктемгі жаппай ағаш егу дәстүрін сынып жетекшілері әртүрлі жемістің ағаштарын мектебіміздің ауласына отырғызды. Мектеп ауласында 30 жеміс ағашы егілді.



20 наурыз - «Ұлттық спорт күні» мерекесіне орай жоспарға сәйкес адами-рухани қасиеттерді дамыту, өзін-өзі кемелдендіру дағдысы мақсатында ұлттық спорт түрлерінен мұғалімдер арасында ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Жарыс барысында мұғалімдер қызығушылықпен қатысып, өзара бақ сынасты. Ойын қызықты әрі тартысты өтіп, бір көтеруден күш сынасудан лянгі тебу бойынша арқан тартыстан орын алған мұғалімдер арнайы орындармен марапатталды.





Сондай –ақ «Наурыз мейрамы» атты «Домбырашылар» челленджі өтті. Челленджге мектебіміздің жас мамандары Қуанышбекова Маржан мен Утепова Құндыз сағат 12:00 де «Балбырауын» және «Адай күйін» орындады. Өткізілген шара әлеуметтік желіге жарияланды.



21 наурыз-«Ынтымақ күні» мерекесіне орай, мектебімізде «**Ынтымағымыз жарасқан ел**» атты тақырыпта мерекелік шара өтті. Бұл күннің мақсаты – жалпы халық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау.

Шара барысында мектеп директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы барлық мектеп ұжымын, қызметкерлерін, оқушыларды Наурыз мерекесімен құттықтады. Мереке қазіргі заманға сай сән үлгісімен, әр халықтың ұлттық киімімен дәстүрімен жалғасын тапты. Сонымен қатар, жиналған қауым әр ұлт болып бөлінді. Әр ұлттың киімін киген шараға қатысушылар өз өнерін ортаға салып тамаша көңіл-күй сыйлады. Оқушылар күй күмбірлетіп, би билеп, әннен шашу шашты.

Мәдениетіміз бен салт - дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылып отырған шаралар әрі қарай жалғасын табатын болады.

22 наурыз – «Жыл басы күні» қарсаңында «**Наурыз –бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі**» атты мерекелік шара өтті. Шара барысында ұлттық нақышта ән мен би және қазақ халқының салт дәстүрлері көрсетіліп, ұлттық ойындар ойнатылды.

23 наурыз – «Тазару күні» маусымы аясында жаңа жылды тұтас ел болып жаңа мақсат, жаңа үмітпен қарсы алу символы ретінде жалпы ұлттық экологиялық «Тазару» акциясы ұйымдастырылды. Мектебімізде тазару акциясына орай «Таза аула» эстафетасы мұғалімдері мен кіші қызметкерлер арасында жаппай сенбілікке шығып, мектеп ауласының тазалығына, абаттандырылуына үлес қосты.

15.03.2024 жылы күні мектебімізде «Даналық мектебі» клубының іс-шаралар жоспарына сәйкес, ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру, ағалық міндеттің мағынасын ашу, інілері мен қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндіру, аға өзінің соңынан ерген інілері мен қарындастарына тірек, қорғаныш, әр отбасындағы жол бастайтын, өзінен кейінгілерге бағыт бағдар беретін тұлға, отбасылық қамқорлыққа тәрбиелеу мақсатында **"Ағасы бардың - жағасы бар"** тақырыбында ағалармен сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі Есенаманова Гүлайым дөңгелек үстел өткізді.

Шараға оқушылардың ағалары қонаққа келді. Шараны сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі Есенаманова Гүлайым ашып, мақсатына тоқталып, бір ана, бір әкеден туған іні қарындастарымыз ғана емес, күллі елдің баласын бауыр қарындас көріп, ағалық қамқорлық жасауы қажеттілігін айтып өтті. Іні мен қарындасы ағасына қарап бой түзейді, киналғанда ағасын арқа тұтады. Ал қазіргі таңда балалар жасөспірім шағында ағаларының қамқорлығын көріп жүр ме? Осындай сұрақтар төңірегінде ағалар пікір алмасты. "Жылдам дебат", "Жұмыртқа аршу", "Дайын тағам", "Стресстен шығу" топтық жұмыстары, жағдаяттар, сондай-ақ, білім алушылар да ағаларына сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісті. 9 сынып білім алушысы

Сүйіндік Аслан ағасы Сүйіндік Абдрахман "Ағам бар менің" әнін орындады. Сонымен қатар ағалар інілеріне ағалық ақылдарын да айтып өтті. Дөңгелек үстел жақсы көңіл-күйде өтті.



15.03.2024 жылы күні «Даналық мектебі» жоспары бойынша мектебіміздің медбикелері Қартбаева Роза мен Абдуллаева Айткүл ата-ана мен оқушылар арасында **«Жеке бас гигиена дегеніміз не ... әжелер тілімен»** атты тақырыпта танымдық сағатын өткізді.

Шара барысында медбикелер өздерін таныстырып, тақырып туралы мәлімет беріп өтті. «Жеке бас гигиенасы» туралы баяндама оқып, слайд көрсетті. Баяндамада дене, шаш, киім, тамақтану, ауыз қуыс гигиенасы туралы әңгіме жүргізді. Бейнероликтен қолдың қалай жуу әдістерін көрсетіп, әрі қарай тазалық нормаларын айтты. Сондай-ақ, келген ата-аналарға да тақырыпқа байланысты сұрақ қойылып, әрі қарай кері байланыспен жалғасты. Танымдық сағаты сырласу түрінде өтіп, ата-аналар мен оқушылар жақсы көңіл-күймен тарады.




15.03.2024 жылы күні «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес сынып жетекшілер **«Менің әкем жақсы адам»** атты тақырыпта презентациялар сайысын өткізді.

Мақсаты: -Отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру, әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-пікірлермен бөлісу;

-Оқушыларға отбасының ұйытқысы, негізгі тірегі әке екенін ұғындыру, әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер. Жақсы әкенің даналығы - балаға мың жылдық азық демекші әр сыныптың оқушылары отбасындағы әкенің ролін біреуі қамқор әке, адал әке, еңбекқор әке, мейірімді әке екенін бейнероликтен мадақтап көрсетті.

Презентация сайысын 5 А сынып жетекші Ахметова Гүлдана ашып, әрі қарай «Менің әкем жақсы адам» атты бейнероликті тамашалауға шақырды. Шараға әр сыныптан әкелер қатысты. Әрбір түсірілген бейнероликтің балаға берер тәрбиесі мен сүйіспеншілігі мол екенін айтты. Шара соңында клуб жетекшісі Манашова Гүлмира Көптілеуқызы қорытындылай келе ең әдемі, мағыналы бейнероликті марапаттап, алғысын білдірді.



15.03.2024ж. күні Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күрес жайында «Жаңаөзен арнайы мектебі» ұжымына түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Ашықтық пен әділдікке негізделген азаматтық қоғам құру - қазіргі күннің басты талабы. Осыған орай, мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа байланысты ақпарат беру және оны қоғамға насихаттау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жайында Қарасаева Назгүл Иванқызы ұжымға баяндама оқып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Құқықтық оқу және түсіндіру барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық фактілерінің неден пайда болатындығын, оған жол бермеудің қарапайым әдістері жөнінде кеңінен мағлұмат берілді. Уәкілетті орган қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалғыз адам емес, қоғам мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің бірігуімен қарсы тұруға болатынын, әрбір жеке тұлға жауапкершілікті сезініп, өз қызметінде осы індетпен барынша күрес жүргізбей, жеңіске жету мүмкін емес екенін баса айтты. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Бейімделген дене шынықтыру пәні мұғалімі Г.Наукебаев қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз деп жиналысты қортындылады.

20.03.2024 жылы күні мектебімізде ұлыстың ұлы күніне орай «**Наурыз –бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі**» атты мерекелік шара өтті.

Мерекелік шара мектебіміздің акт залында өтті. Акт зал мерекеге сай безендірілген, қазақи нақышта ағаш үй құрылды. Шараның ашылуын мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы сөз сөйлеп мектеп ұжымын мерекемен құттықтады.

Ұлттық нақышта киінген мұғалімдер, кіші қызметкерлер бір-бірімен төс қағыстырып мәре-сәре болып көрісті. Әжелер «Бесік жыры» әнін айтып керемет орындады. Сондай-ақ қазақ халқының салт дәстүрлері көрсетіліп, ұлттық ойындарының бірі лянгі тебу, күш сынаспақ, гір көтеру, ұршық иіру, арқан тартыс сияқты ойындар ұйымдастырылды. Салт- дәстүрге, ырым тыймға байланысты экраннан сұрақтар қойылып, мұғалімдер жауаптарын айтты.

26.03.2024ж. күні №117 бұйрықтың 3-тарауына сәйкес мұғалімдер мен қызметкерлер арасында, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар арасында объектілердің терроризмге қарсы дайындығын күшейту бойынша профилактикалық шаралар, инструктаждар өткізілді.

Ұжым арасында Наукебаев Ғ. оқу-жаттығу шараларын орындады. Сонымен қатар мектебіміздің медбикесі Абдуллаева А. алғашқы көмек көрсету ережелерін түсіндірді. ЖШС Сабен басшысы Инкаров Д. күзетшілерге профилактикалық шараларды түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мектебімізде сыртқы және ішкі камералар саны-32 /сыртқы-16, ішкі-16/.

Бейнебақылау жүйесінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сай. Дабыл түймелері қондырылған, мектеп ғимаратына бөгде адамдардың келу-кету журналдары уақытылы толтырылып отыр.

Қауіпсіздік бойынша мектеп құжаттамасы түгел. Педагогтардың кезекшілігі ұйымдастырылған, арнайы сынып кабинеттері мен мамандардың кабинеттері арнайы қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етілген.



«Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ кітапханашысы А.Кемалова мен әлеуметтік педагог А.Иманалиеваның ұйымдастыруымен **“Кітап-жан азығы”** тақырыбында кітап көрмесі-өткізілді.

Кітапханадағы әдебиеттерді оқырмандарға насихаттау, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында әр түрлі тақырыптардан құралған көрмеге: қазақтың ақын-жазушылары және олардың шығармашылығы туралы, батырлар туралы кітаптар, балалардың ой-өрісін дамытатын түрлі-түсті суреттермен безендірілген кітапшалар, балаларды адамгершілікке, Отан сүйгіштікке, еңбекқорлыққа баулитын ертегілер, әңгімелер, балалардың тілін дамытатын жұмбақ-жаңылтпаштар мен танымдық әдебиеттер қойылды. Көрмеге 8-10 сынып білім алушылары қатысты.

Кітапханашы А.Кемалова баяндама оқып, оқушыларға кітап құндылығы туралы түсінік берді. Кітаптардың мазмұнына қысқаша тоқталып, түсінік жұмыстарын жүргізді.





02.04.2024 жылы түзету мамандары « 2- сәуір – Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату» күніне орай мұғалімдерге іс-шара өткізді.

Іс- шараның мақсаты: 2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм туралы ақпаратты тарату күні. Бұл күн БҰҰ шешіміне сәйкес, 2008 жылдан бастап әлемде аутизммен ауыратын балалар мен ересектердің проблемаларына қоғам назарын аудару мақсатында Аутизм туралы ақпарат тарату күні болып атап өтіледі. Соған орай аутизм диагнозы бар оқушыларға, оларға сабақ беретін мұғалімдерге көмектесу және оқушылардың өмір сүру сапасын жақсарту қажеттілігіне қоғамның назарын аудару.

Іс-шараның міндеттері:

- 1) аутизм туралы жан-жақты ақпарат беру;
- 2) баламен өзара әрекеттің жаңа дағдыларын меңгерту;
- 3) баламен өзара қатынасты жақсы түсінуге дағдыландыру;
- 4) оқушыларды ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету, оқыту сапасының жоғарлауына ықпал ету.

Әдістері: ақпарат тарату, пікір алмасу, сұрақ-жауап, қызықты тесттер, психологиялық жаттығулар.

Іс-шараға қатысқан мұғалімдер саны: 7

Іс-шараға қатысқан аутизм диагнозы бар оқушылар саны: 6

Барысы: Мұғалімдерге мектебіміздегі аутизм диагнозы бар оқушылар туралы ақпарат беріліп, олармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары айтылып, түзету мамандары өз тәжірибелерімен бөлісті. Іс-шара барысында баланың саусақ моторикасын қалыптастыру, қарым-қатынас коммуникациясын дамыту жұмыстары және когнитивті ойлауын дамытуға арналған әдістемелер жүргізілді.

Іс-шараның қорытындысы: Қорытынды соңында мұғалімдерге сұрақ-жауап өткізіліп, өзара пікір алмасты. Аутизм – бұл ауру емес, аутизм спектрі бұзылған балалардың әлеуметтік дағдыларын едәуір жақсартуға мүмкіндік беретін дамыту және оқыту бағдарламалары арқылы түзетуге болатын жағдай екендігі айтылды.





2024 жылдың сәуір айының 05 күні, Маңғыстау облысы білім басқармасының «Жанаөзен арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мұғалімдер және оқушылар арасында **7 сәуір Дүниежүзілік денсаулық күніне** орай спорттық іс-шара өткізілді. Алғашқы құттықтау сөзді мектеп директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы оқушыларды, ұстаздарды дүние жүзілік денсаулық күнімен құттықтап, ұстаздар және оқушылар қауымына жаңа табыстар мен жаңа белестер тіледі.

Денсаулығын нығайту үшін дене тәрбиесі мен спорт жүйесін дамыту мақсатындағы шарада оқушылар таңғы жаттығулар жасап және 1000 метрге жүгіру, музыкалық қимылды жаттығулар жасап, жарысымыз қызықты көңілді түрде өткізілді.



11.04.2024 күні "Аяулы алақан" қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкені өткізудегі мақсат: мектебіміздегі өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік көмекті қажет ететін ерекше білім алуға қажеттілігі бар оқушыларымыздың отбасына көмек көрсету. Қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс ұйымдастырылған бұл жәрмеңкеге мектебіміздің ұстаздары үлкен үлес қосты.

Қайырымдылық әрбір бала бойына сенім, жанына жігер ұялататыны сөзсіз. Жиналған қаражатқа әлеуметтік жағдай төмен, көп балалы, мүжәлсіз отбасында тәрбиеленіп жатқан мектебіміздің 2а сынып оқушысы Беркалиев Алтынбекке киім-кешек алынды.



2024 жылдың сәуір айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер ғарышкерлер күніне орай **«12 сәуір - Ғарышкерлер күні»** атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушылар бойында Отансүйгіштік, азаматтық қасиеттер қалыптастыру. Ғарыш сваласы туралы білімдерін кеңейту. Қазақтың ғарышкерлерінің өмірбаянымен таныстыру.

Сынып жетекшілер тақырыптың мән мағынасын ашып, әңгіме жүргізді. Сынып сағаты барысында оқушыларға бейнероликтер көрсету арқылы аспан әлеміне шолу жасалып, ғарыш денелері туралы түсініктері қалыптасып, қызығушылықтары арта түсті. Ғарыш әлеміне саяхат арқылы оқушылардың ғарыштың адам өміріндегі маңызы туралы білімдері тереңдетілді. Білім алушылар тақырыпқа байланысты тапқақтарын айтып, ғарыш әлемі туралы ойларымен бөлісті.

Үстел теннисінен «Қазақстандық Арнайы Олимпиаданың» республикалық турнирі

2024 жылдың 18-19 сәуірі күндері Ақтау қаласындағы «Маңғыстау облыстық мүгедектік спорт клубы» ғимаратында арнайы атлеттер арасында «Қазақстандық Арнайы Олимпиада» қоғамдық бірлестігінің 2024 жылға арналған спорттық-көпшілік күнтізбелік жоспарына сәйкес үстел теннисінен республикалық турнир өткізілді.

Жарысқа қатысушылар 4 жас ерекшелігі бойынша жеке және жұптық сында бақ сынады:

12-15 жас, 16-21 жас, 22-29 жас және 30-тан жоғары.

Екі күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы білім басқармасының «Жаңаөзен арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 5 оқушы сынға түсті.

12-15 жас ерекшелігі бойынша (ұлдар):

үшінші дивизионда 7А сынып оқушысы Жұмантұрлы Абылай-ІІ орын,

16-21 жас ерекшелігі бойынша (ұлдар):

бірінші дивизионда 8А сынып оқушысы Полатбай Елсұлтан- ІІІ орын

үшінші дивизионда Қоймы Руслан –ІІ орын

16-21 жас ерекшелігі бойынша (қыздар):

ІІ дивизионда Танатарова Жанарай-ІІІ орын

22-29 жас ерекшелігі бойынша (қыздар):

І дивизионда Утемисова Фариза-ІІІ орын

Жұптық санат 16-21 жас ерекшелігі бойынша (ұлдар):

Полатбай Елсұлтан-Қоймы Руслан-ІІ орын

Аталған жарысты өте жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік берген ұйымдастырушы алқасына және мектебіміздің үстел теннисінен жаттықтырушыларға алғысымызды білдіреміз!





Сәуір айының 22.04.2024 жылы күні «Дін және қылмыс» терроризмге қарсы іс –қимыл атты тақырыпта жоғары сыныптың оқушыларына бейнеролик көрсетті. Бейнероликті көрсету мақсаты: Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру; Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу.

Шараның барысын Бердешова Тамара тақырыпты түсіндірумен басталды. Экстремизм, терроризм сөздерінің мағынасына тоқталып, жаман әдеттердің алдын –алу бойынша әңгіме жүргізді. Оқушыларға тақырып туралы бейнеролик көрсетті. Көрген бейнеролик бойынша білім алушылар өз ойларымен бөлісті. Осы шарада оқушылар «терроризм», экстремизм және жаман жат нәрселерден аулақ болу туралы кеңінен түсінік алды.

2024 жылдың сәуір айында жоспар бойынша сынып жетекшілер **«Имандылық –тәрбиенің негізі»** атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Қоғамдағы бүгінгі күнгі ең басты мәселе – жас ұрпақты адамгершіліктің ең биік шыңы – имандылыққа, жат діни ағымдардың құрығына түсіп қалуына жол бермеу, оған қарсы тұруға тәрбиелеу.

Сынып сағаты жоспар бойынша уақытылы өтті. Сынып жетекшілер тақырып бойынша әңгіме жүргізіп, имандылық сөзінің мән мағынасын түсіндірді. Жоғары сыныптың сынып жетекшілері имандылық, тәрбиелік мәні бар «Соқыр ана» атты оқушыларға бейнеролик көрсетті. Сонымен қатар имандылық туралы нақыл сөздермен, сұрақ-жауап ойындармен жалғасты. Сынып жетекшілер сынып сағаттарын патриоттық әндермен қорытындылап аяқтады.

23 сәуір –Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне, орай мектебіміздің кітапханашысы Кемалова А. мен тәлімгері Туяқбаева Ж. жоғары сыныптың оқушыларын Жаңаөзен қалалық кітапханасына іс-шара ұйымдастырды.

Жаңаөзен қалалық кітапхана директордың уақытша міндетін атқарушы Утесинова Айнаш Сәбитқызы және ұжымы оқушыларды жарқын жүзбен қарсы алды.

Аталған іс-шарада кітапхана әдіскері Мурзалиева Мөлдір шараны құттықтау сөзімен ашып, кітапханашы Ешниязова Нурзия кітапты оқу, қазіргі заман қоғамында кітапхана мүмкіндіктері туралы слайдтан қызықты деректермен бөлісті. Сонымен қатар іс-шара викториналық ойындармен жалғасты. Ойынға белсене қатысқан оқушыларға тәттілермен сыйлықтар таратты. Сондай-ақ кітапханашы Айдарова Айсара кітаптарға экскурсия жүргізіп, библиограф Хасанова Тамара кітап туралы әңгіме жүргізді. Шара соңында Қазақстан Республикасының құрметті журналисті Айдарбаев Жоламан оқушыларға әдебиет туралы әңгімесін жүргізіп, өзінің шығармашылығымен бөлісті.

Біздің рухани өсуімізге үлес қосқан жазушылар мен ойшылдарға алғыс білдіреміз!





26.04.2024 жылы күні жоспар бойынша сынып жетекшілер «Табиғат туып өскен табиғатым» атты тақырыпта оқушылармен бірге қаламызға саяхат жасады.

Саяхаттың мақсаты: Оқушылардың санасына қоршаған ортаға туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілікті, экологиялық тәрбие беру. Туған жерді, қоршаған ортаны сүюге, қорғай білуге тәрбиелеу. Сынып жетекшілер оқушыларды қаламыздағы мұнай өндіру саласындағы мұнайшылардың жұмыстарын таныстырып, әрі қарай газ өндіретін заводқа апарды. Сынып жетекшілер қаламыздың табиғатқа бай екендігі туралы әңгіме жүргізді. Сонымен қатар Жаңаөзеннің көрікті жерлеріне барып білім алушыларды қуанышқа бөледі. Оқушылар табиғаттың көрікті жерлеріне естелікке суретке түсті.



Қауіпсіздік туралы

Мектебімізде сыртқы және ішкі камералар саны-32 /сыртқы-16, ішкі-16/.

Бейнебақылау жүйесінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сай. Дабыл түймелері қондырылған, мектеп ғимаратына бөгде адамдардың келу-кету журналдары уақытылы толтырылып отыр.

Қауіпсіздік бойынша мектеп құжаттамасы түгел. Педагогтардың кезекшілігі ұйымдастырылған, арнайы сынып кабинеттері мен мамандардың кабинеттері арнайы қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етілген.

26.03.2024ж. күні №117 бұйрықтың 3-тарауына сәйкес мұғалімдер мен қызметкерлер арасында, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар арасында объектілердің терроризмге қарсы дайындығын күшейту бойынша профилактикалық шаралар, инструктаждар өткізілді.

Ұжым арасында Наукебаев Ғ. оқу-жаттығу шараларын орындады. Сонымен қатар мектебіміздің медбикесі Абдуллаева А. алғашқы көмек көрсету ережелерін түсіндірді. ЖШС Сабен басшысы Инкаров Д. күзетшілерге профилактикалық шараларды түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

12 сәуірде өртке қарсы оқу-жаттығулары өтті. Жылдық жоспар бойынша “Жаңаөзен арнайы мектебі КММ” өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығулар өткізілді.

Оқу-жаттығу аясында, өрт белгісін анықтау және жою, сондай-ақ зардап шеккендерді анықтау және оларға алғашқы қажетті медициналық көмек көрсету мәселелері пысықталды.

2024 жылдың 29 сәуір күні **«Қазақстан халықтарның бірлігі күні»** мерекесіне орай, арнайы мектеп ұжымдастар арасында қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан және шахматтан сайыс өткізілді. Мерекелік іс-шара жақсы деңгейде аталып өтті. Жарыстың өткізу мақсаты, ұжымдастар арасында достық қарым қатынасты нығайту, ұлттық ойын туралы мәлімет беру, насихаттау. **Қазақстан халқының бірлігі күні** — [Қазақстанда](#) жыл сайын тойланатын мереке. Мереке [1996 жылдан](#) бастап тойланады. 1995 жылдың 18 қазанында [Қазақстан тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің](#) жарлығы бойынша [1 мамыр](#) - Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды.

«Білік күні - нағыз еңбектің бағасын біліп, жұмыстағы жетістіктерін мақтан тұтатын мамандардың мерекесі. Мереке аясында ұлттық спорт сайысын ұйымдастыру арқылы - спорттық қозғалысқа мекеме мамандарын жұмылдыруды мақсат еттік.

Әрбір маманның адал еңбегі- жарқын болашаққа, туған елімізді дамытуға қосқан үлесі деп білеміз», деді Маңғыстау облысының білім басқармасының «Жаңаөзен арнайы мектеп» КММ-нің басшысы Ақсауле Жалмуханова

Жарысқа қатысып жүлделе орындарға ие болған мұғалімдер.

Тоғызқұмалақтан

Жүлделі орынға ие болғандар

4. Оймағамбетова Балжан
5. Қожабергенова Нұргүл
6. Дүйжанова Айда

Шахматтан

Жүлделі орынға ие болғандар

4. Жауғашты Әсем
5. Каракулова Бибігүл
6. Утепова Құндыз

Сәуір айының әр сенбі күні **«Сенбілік –тазалық кепілі»** атты мектепшілік сенбілік өтті. Сенбілікке мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлер ат салысты. Қажетті құрал-жабдықтармен қаруланып, мұғалімдер өздеріне бөлінген аумақты тәртіпке келтірді. Мектеп ауласы қоқыстардан тазартылды, сонымен қатар ағаштар отырғызылып, ағаш түптерін әктеді. Сенбілікке ұжым жақсы көңіл-күймен белсене ат салысты. Өз еңбегінің нәтижесін көру жақсы, әркім бұл іске өз жылуының бір бөлігін қосты.





2024 жылдың сәуір айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер «**Сенің өмірің, сенің ортаң, есірткіге жол жоқ**» атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Жаман әдеттерден аулақ болуға, өз болашағына сеніммен қарай білуге дағдыландыру. Салауатты өмір салтын ұстанудың пайдасы туралы білім алуға тәрбиелеу.

Сынып сағаттарының барысы көтеріңкі көңіл-күймен шаттық шеңберімен басталды. Сынып жетекшілер оқушыларға тақырыптың мағынасын ашты. Сурет бойынша темекі шегудің алдын алу, жаман әдеттің ағзаға зияны туралы мәлімет беріп өтті. Оқушыларға тақырып туралы бейнеролик көрсетіп, зиянды әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстануға кеңес берді.

Сынып сағатын қорытындылай келе өзіміздің болашағымыз өз қолымызда, салауатты өмір салтын сақтайық деген әдемі сөздермен қорытындылап аяқтады.

2024 жылдың сәуір айында сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер «**Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік**» атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Балалардың заңдылық шеңберінде үнемі өзін-өзі ұстай білу дағдыларын қалыптастыру; Оқушыларға зиянды іс-әрекет немесе сәтсіз еркелік теріс салдарға әкеп соқтыруы мүмкін екенін түсіндіру; Оқушыларды ұқыпты, тәртіпке бағынуға, бір-бірін сыйлай білуге тәрбиелеу.

Сынып сағаты мақал-мәтелдердің мағынасын ашумен басталды. Сондай-ақ сұрақ-жауап ойындарымен жалғасты. Оқушыларға бейнероликтен «Құқық және заң» туралы бейнефильм көрсетілді. Әрі қарай білім алушылар бейнероликтен көрген фильм туралы өз ойларын айтты. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керек деген сөздермен қорытындылап өтті.

2024 жылдың сәуір айында сабақ кестесі бойынша «**Жемқорлық індет, жою міндет**» тақырыбында сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру " жемқорлық" деген не екенін түсіндіру.

Сынып сағаттары оқушылардың Әдеп, Әділет, Ар-намыс топтарына бөлінуімен басталып, көңіл ашар сәтіндегі шаттық шеңбері «Отырғыш» ойынымен жалғасты. Сынып жетекшілер бейнероликтен «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында бейнефильм көрсетіп тақырыпты ашты.

Бейнефильм бойынша мұғалім ойында неліктен түсінбеушілік орнағанын сұрап, оқушыларды талқылауға шақырды. Оқушылар өз ойларын жарыса айтып, ол жерде әділетсіздіктің орын алғанын баяндады. Одан әрі мұғалім «құқықбұзушылық», «коррупция» туралы түсініктер берді.

Сынып сағаттарын қорытындылай келе «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз деген сөздермен аяқтады.

22.04.2024 жылы дефектолог Жауғашты Әсем ата-аналарға «Балаңыз үйде бос уақытын қалай өткізеді?» атты сауалнама өткізді.

Сауалнаманың мақсаты: Әр ата-анаға өз баласының мінез-құлық сапасын тануға, түсінуге кеңес беру, қолдау көрсету. Ата – аналар арасында жағымды қарым – қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау.

Сауалнаманың міндеттері: 1) өз баласын түсіну мүмкіндіктерін кеңейту; 2) баламен өзара қатынасты жақсы түсіну; 3) баламен өзара әрекеттің жаңа дағдыларын меңгеру; Балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету, бала тәрбиелеу сапасының жоғарлауына ықпал ету.

Сауалнаманың әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, қызықты тесттер, психологиялық жаттығулар. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны: 12

Сауалнама барысы:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» жаттығуы

2. «Менің балам...» жаттығуы

3. «Балаңыз үйде бос уақытын қалай өткізеді?»

III. Қорытынды

Сауалнама қорытындысы: «Балаңыз үйде бос уақытын қалай өткізеді?» атты ата-аналарға өткізілген сауалнамаға барлығы 12 ата-ана қатысты. Сауалнама барысында ата-аналармен пікір алмасып, психологиялық жаттығулар орындалды. Ата – аналар арасында жағымды қарым – қатынас орнатылып, олардың сыйластықтары нығая түсті. Отбасыда балаға дұрыс тәрбие берілуіне ықпал жасалды.

«Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз? » атты оқушылардың арасындағы викториналық сұрақтар өткізілді.

Мақсаты:

- ҚР-ның Рәміздері туралы мағлұмат беру.
- Елін,жерін, тілін, қазақ елінің Рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Қазақстан Республикасының рәміздері жайында берілген мағлұматтар бойынша оқушыларды қазақ тілінде еркін сөйлеп, ойын дұрыс жеткізе білуге, викториналық ойындар арқылы ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту.
- Ел тарихын тани білуге құрметтеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Викториналық сұрақтар сайысы 7 сынып оқушыларының арасында өтті. Оқушылар 2 топқа бөлінді. Бұл сайыста 10 жәшіктен құралған сұрақтар болды. Әр сұрақ тақырыпқа байланысты қызықты болды. Оқушылар сайысқа белсене қатысып, ойын ережелерін сақтап отырды.

Қорытынды:

1-топ 6 сұраққа жауап беріп, жеңіске жетті.

2-топ 4 сұраққа жауап беріп, жеңіліс тапты.

Оқушылар сайыс барысында ойлау, есте сақтау қабілеттері дамыды. Ойын бірлесе жұмыс жасауға көмектесті.

«Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз? » атты викториналық сұрақтар сайысы жоғары деңгейде өтті.

30.04.2024 жылы күні 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай **«Бірлік күні құтты болсын!»** атты мерекелік іс-шара өтті.

Мерекелік іс-шараның мақсаты халық бірлігін нығайтып, татулығын дәріптеп, Қазақстанның көпұлтты халықтары арасындағы бірлік пен ынтымағын сақтауды көздеді.

Шара әдемі өлең шумақтармен басталды. Іс-шараға мектебіміздің 0-10 сынып оқушылары қатысты. Әр сыныптың оқушылары әр ұлттың киімін киіп, ұлттық ойындарын, әндерін шырқап, тілектерін білдіріп бір шаңырақ астындағы тату тұратын ұлт екенімізді дәлелдеді. Білім алушылар шара барысында ұлт өкілдерінің киім үлгісімен, шырқаған әндерімен көрерменді таң қалдырды. Мерекелік шара соңында мектеп директоры бірлік күніменен барша ұлт өкілдерін құттықтап, тілегін білдірді.



«Мамыр – Ынтымақ айы» айлығы аясында **3 мамыр- «Таза Қазақстан» челленджі** өткізілді. Тал егу дәстүрі еліміздің түкпір-түкпірінде қолға алынып, тиянақты мән берілуде. Мұның өзі қоғамға пайдасы зор игі бастама. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші, білім ұясымен биыл қоштасатын шәкірттер бір-бір ағаш көшетін әкеліп, мектеп ауласына отырғызды. Игі шараға мектеп ұжымы, оқушылар, сынып жетекшілер қатысып, көшет отырғызуға өз үлестерін қосты!



Игі істер - бұл біздің өмірімізді күн сайын қуаныш пен жылулыққа толтыратын нәрсе. Күнделікті ерлік жасаудың қажеті жоқ, жақын адамдарыңызға қамқорлық жасау және мүмкіндігінше мұқтаж жанға көмектесу жеткілікті.

амыр айы «Игі іс» акциясы аясында, мектебімізге Жаңаөзен политехникалық колледжінің басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, оқытушылары мен студенттері келіп, бастауыш сынып оқушыларына сыйлықтар табыстап, балаларға қуаныш сыйлады.



06.05.2024 жылы күні жоспар бойынша **«9 мамыр – «Жеңіс күні!»** атты тақырыпта мерекелік шара өтті.

Шара мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбек еткен аталардың тұлғасын, асыл бейнесін ашу, кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге ету. Бейбіт өмір үшін өз өмірлерін қиған майдангерлерге тағзым ету.

Мерекелік шара барысында патриоттық әндер шырқалып, оқушылар тақпақтарын айтты. Мереке қарсаңында мектеп директоры мерекемен құттықтап сөз сөйледі.

Сондай-ақ сынып жетекшілер «Жеңіс күні» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Жеңіс күні қарсаңында оқушылар қаламыздағы «Ардагерлер үйіне» барып, үлкен аталармен кездесіп, әңгімелесіп, олардың ақылдарын тыңдап келді. Ардагерлер оқушыларға өз ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын берді. Оқушыларымыз әрдайым ардагерлерге құрметпен қарап, ұлы істерін мақтан етті. Ардагер аталармен бірге естелікке суретке түсті.



Мектебімізде 12.05.2024 жылы күні **«Жасыл мекен» челлендж** акциясы өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты: Қоршаған ортаға ұқыпты қарауды, еңбекқорлықты, қоршаған ортаны көгалдандыруды дамытуға бағытталған. Оқушылар сынып жетекшілерімен бірге мектеп аумағында көгалдандыру жұмыстарымен айналысты. Көшет, жасыл-желек отырғызып ағаш түбін әктеу жұмыстарын жүргізді. Мектеп ауласына жеміс ағаштары өрік, алма, алмұрт сондай-ақ тұт ағаштарын отырғызды. Ағаштардың түбіндегі топырақты қопсытты. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»- деп оқушылар мен сынып жетекшілер белсенділік танытты. «Жасыл мекен» челленджін акциясын келесі мектептерге жолдады.

12 мамыр-Аналар күні, 15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне орай, 10.05.2024ж. күні мектебімізде сыныптар арасында **«Менің анам», «Менің отбасым»** атты сурет байқауы өтті.

Сурет байқауының мақсаты: Балалар шығармашылығын дамыту, оларға қолдау көрсете отырып, эстетикалық талғамын дамыту.

Оқушылардың жұмыстары ілінді. Ең үздік суреттерге I, II, III орындар берілді.

I орын-Полатбай Елсұлтан 8А сынып оқушысы, жетекшісі Жауғашты Әсем

II орын- Жұмантұрлы Абылай 7А сынып оқушысы жетекшісі, Карасаева Назгуль

II орын-Қадырбай Мейірлан 4А сынып оқушысы, жетекшісі Ислам Майра

III орын-Джаумытбаев Ықылас 7А сынып оқушысы, жетекшісі Карасаева Назгуль

III орын-Бейімбет Зарипа 8А сынып оқушысы, жетекшісі Жауғашты Әсем

III орын-Марат Аянат 4А сынып оқушысы, жетекшісі Ислам Майра

15.05.2024 жылы күні дүниежүзілік отбасы күніне орай **«15 мамыр –Халықаралық отбасы күні»** атты тақырыпта сабақ кестесі бойынша сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ата -анаға, үлкендерге құрмет көрсету, білім мен тәрбиені ұштастыра білуге шақыру.

Сынып сағаты сыныптарда уақытылы өтті. Сынып жетекшілер 15 мамыр – Дүниежүзілік отбасы күні туралы слайдтан мәлімет берді. Тақырыпты баяндап, оқушыларға сұрақ қойып, отбасындағы үлкендерді ата-аналарын сыйлауды, қадірлей білуді айтты. Білім алушылар да өз жанұялары туралы шын жүректен мақтанышпен баяндады.

Ағымдағы жылдың 21 мамыры күні Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшылық етуімен және «Маңғыстау облыстық мүгедектік спорт клубы» КММ-нің ұйымдастыруымен Ақтау қаласында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен өтетін **«Жұлдызай-2024» Ұлттық Инклюзивті Ойындарының** Маңғыстау облыстық іріктеу кезеңінің жарыстары өткізілді. «Жұлдызай-2024» Ұлттық Инклюзивті Ойындарының Маңғыстау облыстық іріктеу жарыстары спорттың 8 түрінен (асық ату, бес тас, үстел теннисі, шағын футбол, тоғызқұмалақ, голбол, бочча) өтті. Осы іріктеу жарыстарының жеңімпаздары 01-05 қазанда Астана қаласында өткізілетін «Жұлдызай-2024» Ұлттық Инклюзивті Ойындарының финалына қатысатын болады. Жарыстың ашылу салтанаты және асық ату, бес тас, тоғыз құмалақ, үстел теннисі және шағын футболдан жарыстар «BS АРЕНА», жеңіл атлетикадан «МАҢҒЫСТАУ АРЕНА» және бочча, голболдан «Маңғыстау облыстық мүгедектік спорт клубы» ғимараттарында өткізілді.

Облыстық «Жұлдызай-2024» инклюзивті ойындарына 14 оқушы қатысты.

Мини футбол-I орын Нурдовлетов Дидарбек, Биманов Ақылбек, Ялқасбай Нұрасыл, Жүсіпбай Мейрамбек, Жұмабай Ислам, Наренбай Қазыбек

Жеңіл атлетика-II орын Алдаберген Абдулазиз, ІУ орын Жомарт Фариза

Үстел теннис-II орын Полатбай Елсұлтан, ІУ орын Жұмантұрлы Абылай

Бес тас-I орын Таджигали Сабира, Танатарова Жанарай

Бочча-I орын Мантакова, Дана ІУ орын Беркалиев Алтынбек

Жүлделі орындарға ие болған оқушылар кубок, медаль, сыйлықтармен марапатталды.



20.05.2024 жылы күні дене пәні мұғалімі Ізімберген Нұрсерік және логопед Ахметова Гүлдана жоспар бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Тәуелсіз Қазақстан» туралы слайд қорғады.

Мақсаты: Оқушыларға 1986 жылғы желтоқсанда алғаш рет бас көтеріп, демократия жолында құрбан болған ұлқыздарымыздың ерліктері жайлы, еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жетістіктеріміз жайлы түсіндіру. Туған жер, атамекен, Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметті сезінуге тәрбиелеу.

Шара барысында «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында мәліметтер оқылды. Тәуелсіз Қазақстан туралы видеороликтер, слайдтар көрсетілді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтетіні туралы және тарихы туралы айтылды. Тәуелсіздік - қасиетті ұғым. Осы қасиетті ұғымды мемлекеттік рәміздер тілімен сөйлетер болсақ, ол сол елдің өзіндік өмір салтын, арманын, ерекшелігін білдіреді. Мемлекеттік рәміздеріміз туралы толық ақпараттар берілді. Желтоқсан көтерілісіне қатысып, есімдері ел есінде мәңгілік сақталған аға-әпкелерімізді еске алып, ел есінде қалатын батырлар екендігі туралы айтылды.

Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістері, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы – өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиіс. Тәуелсіздік - қасиетті ұғым.

24.05.2024 жылы күні «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ-де «Білім Отаныма» тақырыбында 1-10 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттары әнұран айтумен басталды. Білім министрінің оқушыларға арналған құттықтау тілегі тыңдалынды. Тәрбие сағатында сынып жетекшілер оқу жылын қорытындылап, оқушылардың жетістіктерін айтты. Патриотизм бағытында түсініктер берілді. Сонымен қатар 10 сыныптардың мектеппен қоштасу салтанаты да өтті. Салтанатты жиын концерттік бағдарламамен жалғасты.

Сондай-ақ «Қош бол, бастауыш» атты тақырыпта бастауышпен қоштасу мерекелік шарасы да өтті. Мерекелік шараны мектебіміздің директоры Жалмуханова Ақсауле Есбайқызы 4 сыныпты бітіруші түлектерге тілек тілеп, шараны ашып берді. Оқушылар әндерін шырқап, билерін орындап, сынып жетекшілеріне арнап өлең шумақтарын оқыды. Сонымен қатар ата-аналар да сөз сөйлеп сыныбында сабақ берген барлық мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне алғыс сөздерін айтты, сондай-ақ сүйікті балаларына ақ тілектерін білдірді.



1-маусым –Халықаралық балаларды қорғау күні. Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз. Осы бір адамзаттың кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді туындысындай балақайлардың қуанышын еселейтін 1 маусым балаларды қорғау күнінің орны ерекше. Мерекеге орай, «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, жиналған ақшаға мектебіміздің толық емес отбасы мен тұлдыр жетім оқушылардың үйлеріне барып, тәттілер мен сыйлық таратылды. Жәрмеңкеге мектеп ұжымы өз үлестерін қосты. Оқушыларды қуантуға ат салысып, қолдау көрсеткен мектеп ұымына алғысымызды білдіреміз. Оқушылардың көңілдері қуанышқа толды. Балаларды қорғау күнінде әрбір балаға сыңғырлаған күлкі және алаңсыз балалық шақ үшін қажеттінің барлығын тілейміз.



